**«Бекітілді»**
«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
«Шағала» бөбекжай-бақшасы КМҚК
меңгерушісі ________ Г.А.Джанжолова
2021 жылғы «31»тамыздағы
педагогикалық кеңес шешімімен

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің**
**КМҚК «Шағала» бөбекжай-бақшасы» Ересек №3 «Күншуақ» тобының**
**«Денсаулық» «Қатынас» «Таным» «Шығармашылық» «Әлеумет» білім беру салалары бойынша**
**2021-2022 оқу жылындағы перспективалық жоспары.**

**Өтпелі тақырып** «Балабақша»

**Мақсаты:** Балаларда әлеуметтік дағдыларды,мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

**Міндеттері:**

- инноватциялық әдістер мен техногияларды қолданып, қоғамдық ортада ауызша қарым – қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыатастыру;
- сенсорлық қабілеттерін, алғашқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін дамыту;
-топта тазалық сақтай білу әдептілігін үйрету, тірі және өлі табиғат обьектілеріне деген ұқыпты қарым- қатынасқа тәрбиелеу.

| **Апталық тақырыбы** | **«Денсаулық»3**<br>**Дене шынықтыру (3сағат)** | **«Қатынас» 2,5**<br>**Сөйлеуді дамыту (1)**<br>**Көркем әдебиет (1)**<br>**Орыс тілі (0,5)** | **«Таным» 2,5**<br>**Математика негіздері (1 с)**<br>**Жаратылыстану (1с)**<br>**Құрастыру (0,5)** | **«Шығармашылық»3,5**<br>**Сурет салу (1с)**<br>**Музыка (1,5с)**<br>**Мүсіндеу (0,5)**<br>**Жапсыру (0,5)** | **«Әлеумет» 0,5**<br>**Қоршаған ортамен танысу(0,5)** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1 «Менің балабалабақшам»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бір-бірлеп тізбекпен жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық пенептіліктерін дамыту. Қолдарымен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіру; гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Кіші тірек алаңқайына тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету; кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып, оны қағып алу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:"**Балабақша үйіміз"** (сурет бойынша әңгімелесу)<br>**Мақсаты:**Балаларға балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Ішкі-сыртқы ауласы мен топтар, бөмелер, асхана, саз залы мен дене шынықтыру бөмелері және мед.бөлмелері туралы әңгімелету;<br>-заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту;<br>-антоним сөздерді (үлкен-кіші) сөздік қорларына енгізу, зейінін, тілін дамыту;<br>-ұжымда мейірімді, достық қарым-қатынастарын қалыптастыру. -балабақшадағы топ бөлмелерін таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:" Үй жақсы ма,бақша жақсы ма?"Ф. Оңғарсынованың**<br>**Мақсаты:**<br>Өлең авторымен таныстыру, өлеңдерді түсініп, еске сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету.<br>-диологтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету;- үлкендерге қамқорлыққа тәрбиелеу | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«Бір және көп сандарды салыстыру және олардың арасындағы сәйкестікті табу.Үлкен және кіші»**<br>**Мақсаты:**Заттарды санына қарай салыстыру,бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайту;<br>-санаудың дұрыс тәсілдерін қолдана отырып заттарды санау,<br>-екі топтағы заттарды бір бірімен салыстыру<br>-Таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**:"**Балабақша бағында"**<br>**Мақсаты:**Балаларға балабақша ауласындағы және маңайдағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды ажыратып атауға үйрету.<br>-тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау.<br>-танымдық қызығушылық-тарын дамыту. Ауланы таза ұстауға, табиғаттағы ағаштарды күтуге, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің балабақшам»<br>Мақсаты: Конструктормен ойындар үшін құрылыстарды құру дағдыларын жетілдіру<br>жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын бекіту; (Сәулетші ) | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Тәрелкені әшекейлеу» 24-25бет<br>**Мақсаты:** қазақ оюларының кейбір элементтерін салу; элементтердің реттілігін ,олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастырыу.<br>өз жұмыстарын, басқа балалардың жұмыстарын бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Тәрелке»**<br>**Мақсаты:**<br>тәрелкенің түрлі заттардан жасалатынын ескере отырып, пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, үлгі мен елестету бойынша көлемін ермексазбен мүсіндету.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Менің балабақшам»**<br>**Мақсаты:** Балабақша жайлы түсініктерін кеңейту.<br>-балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. қоршаған ортада өзін-өзі сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. апта «Мен және менің достарым** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Қырымен жіптің үстінен тепе-теңдік сақтап жүру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Екі дос аю» ертегі.**<br>**Мақсаты:** Балаларға «дос» сөзіне түсінік беру, өзінің досының есімін және досы туралы айта білуге үйрету. Зейінің, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін дамыту, ойын дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу тілін және сөздік қорың дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, ойындар арқылы еркін, дұрыс жауап беруге дағдыландыру.<br>Өзін тануына, достарын бағалауға, бір-біріне көмектесіп қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үш дос» әңгімесі»**<br>**Мақсаты:**.Балалардың достық құндылықтары туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Сыйластық туралы түсінік беру. Бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу. Білімдерін кеңейте отырып, әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекетін көрсете білуге үйрету.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы: :« Заттар тобын салыстыру.Жыл мезгілде рі.Оң жақта,сол жақта».**<br>**Мақсаты:**Санау тәсілдерін пайдалана отырып,заттарды санауды үйрету(2-3 көлемін<br>дегі сандар).Үлгі бойынша санау,екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау:жыл мезгілі туралы білімін күшейту (күз) Заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуге үйрету<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Мен және менің достарым!»**<br>**Мақсаты:** Балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру;<br>Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау.<br>Адамдармен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: Жамиләның әдемі көйлегі**<br>**Мақсаты:** Жамиланың көйлегін әшекейлеуге, лайықты бояу тандай білуге үйрету. Бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Сурет салуға деген қызығушылықтарын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Досыма доп» (ұжымдық жұмыс)**<br>**Мақсаты:** Достар туралы түсініктерін қалыптастыру.Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру.Әр түрлі пішінді доптарды,желімдеу арқылы қағаз бетіне жапсыруды үйрету.<br>Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка. (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка. (маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3. апта "Менің сүйікті ойыншықтарым"** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаттықтыру; ұжымда ойнай білуге тәрбиелеу; допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды шашыраңқы жүгіруге, бір қатармен жүруге, арқанның астымен жүруге жаттықтыру; ұжымда ойнай білуге тәрбиелеу; допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды шашыраңқы жүгіруге, бір қатармен жүруге, арқанның астымен жүруге жаттықтыру; ұжымда ойнай білуге тәрбиелеу; допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Қонақтарды күтеміз"**<br>**Мақсаты:** сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту;(ыдыс аяқтар, ойыншақтар, қонақтар)<br>заттармен олардың тұрған орынын анықтау дағдыларын жетілдіру .Қонақжайлылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:"Ойыншықтар" Н.Әлімқұлов**<br>**Мақсаты:**Өлеңді эмоционалды қабылдай білуді дамыту,түсініп,жатқа айта білуге үйрету.Ойыншықтардың түрлерін ажырата білуге баулу.Ой-өрісін дамытып,ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Сан мен заттың арасындағы сәйкестікті табу.Үлкен, кіші, кішкен тай.Шаршы»**<br>**Мақсаты:**Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу.Заттарды санау қабілетін күшейту,заттарды көлеміне қарай салыстыруды жалғасты<br>рамыз,осы сөздерді сөйлеу барысында қолданамыз.Геоме<br>триялық фигура шаршы туралы өткенді пысықтау.<br>Шаршының көлемі әр түрлі болатынын түсіндіру<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Ойыншықтар әлеміне саяхат".**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұматын кеңейтіп,қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтырын ,зейіндерін дамыту.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Ақтөс күшіктің үйшігі»**<br>**Мақсаты:** Балаларға кірпіштерді көлденең үстіне қойып, күшікке үйшікті құрастыруды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу, өзінің еңбек нәтижесіне қуана білу әдетін қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Кілемше»**<br>**Мақсаты:**Балалардың түзу тігіннен және көлденең қиылысқан сызықтарды салу дағдыларын дамыту . Ұлттық бұйымдар туралы түсініктерін жетілдіру,төсеніштедің сыртына салынған өрнектерді салыстыру,бейнені салуда іскерліктерін қалыптастыру.Бояуды қылқаламды дұрыс ұстай,ұқыпты жұмыс істей алуға тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Қоян менің сүйікті ойыншығым »**<br>**Мақсаты:**Ермексазды домалату,шымшу, жалпайту тәсілдерін қолдана отырып,қоянды мүсіндеуді үйрету,ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Бір-біріне деген сыйластық, достасып ойнауға үйрету.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін жетілдіру.Ойыншық-тардың атын атап,оларды бір – бірінен түсіне,көлеміне қарай ажырата білуге дағдыландыру. Ойын-шықтардың; резинкеде, пластмассадан, матадан,ағаштан, темірден жасалатынын көрсете отырып, ойыншыққа деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. апта "Менің отбасым" | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Еңбектеу мен доғаның астынан өтуді кезектестіріп орындауды үйрету; бір орында тұрып ұзындыққа секіруді жетілдіру. Нұскаушының берген белгісіне қарай жылдам жауап беруге үйрету. Нысанаға затты лақтырып жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Оң және сол қолмен нысанаға лақтыруға жаттықтыру. Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту, нысанаға тигізуге үйрету. Бір-бірлеп тізбекте жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту; бір орыннан ұзындыққа секіруді жетілдіру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Нұскаушының берген белгісіне қарай жылдам жауап беруге үйрету. Балаларды жылдамдыққа, байқағыштыққа үйрету.Бір-бірлеп тізбекте жүру білігін және жүгіру дағдысын бекіту. Балаларды тез ойлауға, мергендікке тәрбиелеу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Менің отбасым" (сурет бойынша әңгіме)**<br>**Мақсаты:**Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту.Отбасы,отбасындағы тұрмыс туралы айтып беруге үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:"Менің әжем!" Қ. Мырза Әлі**<br>**Мақсаты:**<br>Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету.<br>-дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логика мен екпінмен үзіліспен жаттауға қалыптастыру<br>-отбасында үлкенге құрмет,кішіге қамқорлық керектігін айтқызу арқылы инабаттылыққа тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы: :«Үлгі бойынша санау,сандарды салыстыру (3-4)Тәулік бөлігі.Сол жағында,ортасында,оң жағында»**<br>**Мақсаты:**Заттарды санауды үйретуді жалғастыру,екі топтағы заттарды санау,саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу:әртүрлі бірақ жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету.Заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету(сол жақта,ортада,оң жақта)<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Отбасы мүшелері" (сурет бойынша әгіме)**<br>**Мақсаты:**Балаларға отбасындағы үлкендердің тойлап жатырған туған күн мерекелері туралы түсінік беру.Отбасы мүшелерін танып,аттарын атап білуге үйрету.Сыйластыққа,ізеттілікке,үлкендерді құрметтеп,кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Тостаған-ды әшекейлеу» (заттық сурет салу)**<br>**Мақсаты:** Сопақша пішіннен тостағанның суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді және таныс элементтерді (нүкте, дөңгелек, жолақшаларды) құрастыруды үйрету. Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Эстетикалық сезімдерін, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Бәйтерек ағашы»**<br>**Мақсаты:**Балаларға өз отбасы туралы түсінік беру, отбасы мүшелерін атай отырып, отбасына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.Қайшымен жұмыс. Бәйтерек ағашына. Қағаз бетінде отбасы мүшелерін бейнелерін құрастыру одан кейін оларды жапсыру.<br><br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | |

**Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Қош келдің.Алтын күз»**

**Мақсаты:** Қош келдің алтын күз!-Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңіріндегі түрлі климаттық жағдайларымен, (Оңтүстік және Солтүстіктегі күзгі ауа райы) күздің түрлі мезгілдерімен таныстыру. Ерте күз, алтын күз, күрең күз, көкөністер, жемістер, астық өнімін жинау мезгілі.

**Міндеттері:** -Жыл мезгілдері, күз, жылудың аздығы күннің көзі шығып тұрса да жылулығы жоқтығы туралы тану, алайда күз сыйы жарқын, түрлі ,ашық түсті болатынын, гүлдер, жапырақтар, жидектер,көкөніс пен жемістер күз сыйы екенін түсіндіру. Түсіндіре отырып қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру;
заттық сурет салу, балаларды қоршаған ортадағы заттардың аталуымен және олардың міндеттерін таныстыру, таныс заттарды ажырата білуді үйрету. –Жыл мезгіледері туралы айта келе, күз мезгіліндегі адамдардың еңбегімен таныстыру. Күзгі еңбек және адамдардың еңбегі туралы әңгімелей отырып, адамдардың еңбегін құрметтеп, бағалауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.–«Ас атасы –нан»- балаларға нан туралы түсінік беру. Тұқым себуге дайындық, бидай егуге алқапты дайындау процесі, тоқаш-нан өнімдерінің пайдасы, наубайшы мамандығы туралы, балалардың жыл құстары, олардың ұшу себебтері, жыл құстардың ұя салу және маусымдық ұшуы туралы білімін қалыптастыру.
-Балаларға жомарт күзде көкөніс пен жемістердің пісетінін ұғындыру. Табиғаттағы маусымдық күз мезгіліндегі өзгерістер; күн салқындап жапырақтар сарғайып түсуі, жемістер мен көкөністер жинау,олардың адам ағзасына пайдасы, қысқа дайындық туралы түсініктерін кеңейту, өсімдіктердің өсіп жетілуі үшін арнағдайлар жасалатыны туры білімдерін жинақтау.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1. апта " Берекелі Күз сыйы"** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Қырымен жіптің үстінен аттап секіру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бөрененің үстінде жүріп жаттығу; бөрененің үстінде аяқтың ұшымен жүру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бөрененің үстінде жүріп жаттығу; бөрененің үстінде аяқтың ұшымен жүру. Қырымен жіптің үстінен аттап секіру. | **Сөйлеуді дамытуТақырыбы: «Күзгі ағаштар»**<br>**Мақсаты:**Балаларға күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатта кездесетін күз мезгілінде жапырақтардың өзгерісін байқауға үйрету. Тілдің дыбысталу мәдениеті, «с», «ж» дыбысын айта білуге, өлең сөздің мағынасын түсінуге, есте сақтауға, ойлау қабілеттерін дамыту. Күз маусымындағы табиғаттың адамзатқа берер сыйы туралы сурет бойынша әңгімелету. Өсімдіктерді күтуге, ағаштардың бұтақтарын сындырмауға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Күзде» өлеңі І. Байжұманова.**<br>**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы түсінік беру.Өлеңді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«1 саны мен цифры».Тәулік бөлігі. Сол жағында,ортасында, оң жағында»**<br>**Мақсаты:**Заттарды санауды үйретуді жалғастыру және 1 санын табу,бояу,екі топтағы заттарды санау,саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу:әртүрлі бірақ жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету.Заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету(сол жақта,ортада,оң жақта)<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Күзгі өнім!"**<br>**Мақсаты:**Балаларға күз мезгілінің сыйы өнімдері туралы айту.Адамдарға жеміс – жидекпен көкөністердің пайдасы туралы мәлімет беру.Күз сыйының адамдарға берері мол екенін түсіндіру.Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:"Саңырауқұлақтар "**<br>**Мақсаты:**Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейту; саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру,конструктивті ойлау дағдыларын,танымдық қызығушылықтарынқалыптастыру,өз бетімен жұмыс жасай білуге үйрету.Табиғи материалдардан саңырауқұлақтарды құрастыру дағдыларын және геометриялық (сопақша және жартылай дөңгелек ) пішіндерден ұсақ заттарды құрастыру. .қабілеттеріндамыту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Сары жапырақтар»**<br>**Мақсаты:**Балаларға күз мезгілде ағаштардың жапырақтардың түсуін бақылату. Ағаштың құрылысына, ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін атай сурет салуға үйрету. Көркемдік дағдыларын дамыту. Саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану, түстердің үйлесімділігін сезіну. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**«Бақшада ғы өнімді жинау» (сәбізді жинау)<br>**Мақсаты:** домалақтау, сопақшалау, шымшу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Қоңыр күз»**<br>**Мақсаты:**Бала-ларды табиғатта болатын күздің алғашқы өзгерістерін байқауға үйрету.Байқағыш-тықты және себеп – салдарлық байланыстарды анықтай білуді дамыту.Туған өлкеміздің табиғатына қамқор болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. апта «Үлкендердің еңбегі»** | **1.Дене шынықтыру**.<br>**Мақсаты:**Кедергі заттардан аттап отыра жүруді үйрету.Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру.Балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету. Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Себетке қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру;<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Кедергі заттардан аттап отыра жүруді үйрету.Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру.Балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Үлкендердің күзгі еңбегі»**<br>**Мақсаты:** Табиғаттағы қарапайым өзгерістерін бақылау дағдылаын қалыптастыру. ересектердің күзгі еңбегі жайлы түсінктерін кеңейту, адамдардың күзгі әрекеттеріне зейінін аудару дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: "Құмырсқа мен шегіртке ертегісі"**<br>**Мақсаты:** қоршаған ортадағы тіршілік иелерінің еңбегімен таныстыру.<br>кейіпкерлердің жағымды- және жағымсыз қасиеттерін көрсетуге.олардың әрекеттерін бағалауға, ертегілерді олардың мағаналарымен салыстыруға үйрету.<br>қоршаған ортаға қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі(маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«1цифры мен саны туралы өткенді пысықтау.**<br>**Үлкен, кіші,кішкентай. Жылдам-баяу.Үшбұрыш»**<br>**Мақсаты:**Балалардың 1цифры туралы білімін нығайту.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету.Таныс заттарды көлеміне қарай салыстыруға,жылдам-баяу,түсінігін жалғастыру.Үшбұ<br>рыш туралы білімін нығайту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: "Біздің бақшада".**<br>**Мақсаты:**Жемістер мен көкөністер түсініктерін кеңейту. Оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Ақыл-ой, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштар мен егінде өсетін дақылдарды қорғап, оларға қамқор болатын үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Менің тұратын үйім»**<br>**Мақсаты:**Балаларға отбасы туралы түсініктерін кеңейту, өздері тұратын үйлердің суретін салуға үйрету. Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді дағдысын дамыту. Бояу түстерін қолданып сурет салуда ұқыпты, әдемі орындауға тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру.**<br>**Тақырыбы: «Біздің бау-бақшада»**<br>**Мақсаты:**Балаларға күз мезгілі туралы тереңірек түсіндіру, күз мезгілінде көкөністермен жемістердің пісіуі туралы айту, және үлкендердің еңбегі арқылы мол өнім әкелетінін ұғындыру.<br>Жемістер мен көкөністерді себеттерге желім арқылы желімдеп жабыстыру.<br>(ұжымдық жұмыс)<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3 апта «Ас атасы - нан»** | **Дене шынықтыру**<br>1.**Мақсаты:**Гимнастикалық орындық үстінде басына құм қапшық қойып еңбектеп жүруді үйрету.Құрсаудан құрсауға бір аяқпен, қос аяқпен секіруді үйрету.<br>2. **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық орындықта қолдарымен тартылу арқылы ішімен еңбектеуге жаттықтыру.Допты бір-біріне төменнен лақтыруға үйрету.<br>3. **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тапсырмаларды орындай отырып, бір-бірлеп тізбектеп жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру.Қолды әр түрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Ас атасы-нан» Ә.Қалдыбаев**<br>**Мақсаты:**Балаларға ас атасы – нан екендігін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екендігін, оның оңай жолмен келмейтіндігін айтып ұғындыру. Нанның қалай дастарханға келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру. Өлең,мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бидай мен қаңбақ»**<br>**А.Тоқмағанбетов**<br>**Мақсаты:**.Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, коммуникативтік – тілдік ойын, артикуляциялық дағдыларынқалыыптастыру. қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсіби егін өсіру туралы мағлұмат беру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«2 саны мен цифры», «Қысқа-ұзын. Жақын-алыс»**<br>**Мақсаты:** «Қанша еді?» деген сұрақтарға жауап беруді үйрету.<br>Жақын-алыс шамасы бойынша, ұзын және қысқа жолдарды салыстыру.Геометриялық пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Дастарханға нан қалай келеді?"**<br>**Мақсаты:**Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру,нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту.Балалардың білімге құштарлығын,зерттеу әрекетіне ұмытылысын дамыту.Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:"Тоқаш"**<br>**Мақсаты:**Балаларға нан тағамдары туралы түсінік бере отырып,қағазбен жұмыс жасауға үйрету,қағазды умаждау арқылы тоқаш жасай алуға дағдыландыру және ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Эстетикалық ойлау, көзбен көру қабілетін, қол шеберліктерін және жұмыс орынды дұрыс ұйымдастыруды дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Табадағы нан»**<br>**Мақсаты:**Балаларға ас -атасы нан екенін түсіндіре, қылқаламмен дөңгелек пішінді салуды үйрету. Табаның пішінін бейнелей алуға, табананның үстіңгі жағын бояуды іскерлік дағдыларын дамыту. Қимыл дәлдігін дамыту, ыждағаттылыққа тәрбиелеу. Жұмыс істеу іскерліктеріне машықтандыру, еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Тәтті печенье»**<br>**Мақсаты:** Балаларға печенье ұннан жасалатынын түсіндіру.Ермексаздан төртбұрыш пішін және дөңгелек пішінен печенье жасап,мүсіндеу барысында ұқыптылыққа тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Дастарханға нан қалай келді?»**<br>**Мақсаты:**Бала-ларға нанның дастарқанға қалай келетіні туралы түсінік беру. Егістік алқабы туралы түсініктерін қалыптастыру. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. апта «Жомарт күз» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жатып орындайтын жаттығулармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Гимнастикалық орындықтағы текшелерден аттап жүргізу; қос аяқтап секіріп, алға жылжуға жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету.<br>Қос қолымен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуды үйрету.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Балалардың денсаулығын салауатты өмір салтын ұстауды, дене сапаларын дамыту. Шығыршықты түзу сызық бойымен домалатуды үйрету.Еденде бір-біріне параллель созылып жатқан 3-4 жіптен кезекпен секіріп өтуге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:«Жомарт күз»**<br>**М. Дулатов әңгімесі.**<br>**Мақсаты:** Сурет мазмұнына сәйкес сюжетті әңгіменің бейнесін аша білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.Күзгі табиғат бейнесін тамашалай отырып,сурет арқылы сұраққа жауап бере білуге тәрбиелеу..<br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:**<br>**Ө.Күмісбаевтың «Қияр мен қырыққабат» ертегісі.**<br>**Мақсаты:** Ертегі желісі бойынша мәнерлеп оқу. Кейіпкерлерге жанашырлық танытa білу біліктерін дамыту.Таныс сюжеттер бойынша ертегіні схналау,шығармашылық қабілеттерін дамыту.Балаларды мейірімділік,адамгершілікке,достық қасиеттерге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі(маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: 2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау.**<br>**Жақын,алыс»**<br>**Мақсаты:**2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді бекіту.<br>Таныс заттарды цифрмен қарай сәйкестендіру.Сопақша туралы өткенді пысықтау.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Алтын күз келді!"**<br>**Мақсаты:**Балалардың күзгі табиғаттың әсемдігін байқай отырып, өзгеретіні туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат құбылыстары мен заттарының арасындағы байланысты білуге, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға, қорғауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Дәмді алмалар»**<br>**Мақсаты:**Балаларға алманың суретін сала білуді үйрету. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар үзбей жүргізе отырып толық, тегіс бояуды дағдыландыру.<br>Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын арттыру, еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Дәмді алмалар»**<br>**Мақсаты:**Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру, алманың кесектерін дөңгелек пішінде қиып алу тәсілдерін үйрету. Қызығушылықтарын ояту, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жұмыс істеу іскерліктеріне машықтандыру, еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

**Қараша айы. Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

Міндеттері:

табиғаттағы жеке өз-ара байланысты көру

- тұрмыстағы, табиғаттағы экологиялық салауатты мінез- құлықты және жағымсыз қылықтардаың неге әкелетінін алдын ала білуді, балалардың сөйлеу тілін, зейінін, ойлауы мен бақылау жүргізіп қарапайым қортынды шығару білігін қалыптастыру.

- сөздік қорын молайту,балалрды адамгершілікке табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| I-апта «Өсімдіктер әлемі» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбектеп жүруге үйрету. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту.Көлбеу жазықтықтың үстінде жүруге үйрету.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық орындық үстімен секіруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен құм толтырылған қалташаны алысқа дұрыс лақтыру дағдыларын дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық орындық үстімен секіруге және шеңбер бойымен жүгіруге үйрету. Көлбеу жазықтықтың үстінде жүруге үйрету. Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Өсімдіктер әлемі"**<br>**Мақсаты:**Балаларға бөлме мен балабақша ауласында өсімдіктердің өсуі мен даму туралы білімдерін кеңейту. Өсімдіктер әлемі жайлы қысқаша әңгімелеу, өз пікірін-ойын айту, байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын дамыту (тамыры,сабағы, жапырағы, бұтағы, гүлі) қарама-қарсы мағыналы сөздермен байыту, оларға деген қырағылық пен қамқорлық көзқарасқа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:"Ағаштар неге ашуланды?"**<br>**Мақсаты:**Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, әңгімені оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің мінездерін бере білуге үйрету. Әңгіме мазмұнына бағдар жасай, берілген сұрақтарға жауап беруге біліктілігін дамыту. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «3 саны мен цифры» 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең.**<br>**Мақсаты:**3 цифрын 3 санының цифры ретінде таныстыру; 3 санын өзге цифрлардың арасынан табу; «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыруға үйрету; балалардың жыл мезгілі (күз) туралы білімін дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Туған өлкемнің өсімдіктері"**<br>**Мақсаты:**Туған өлкенің өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, олардың түрлерімен таныстыру. Өсімдіктермен танысу арқылы құрылысын атай, анықтай білуге үйрету, жергілікті жерде кездесетін өсімдіктер жайлы ізденуге баулу. Өсімдіктерді табиғаттың бір бөлшегі ретінде аялап күтуге тәрбиелеу.**Құрастыру Тақырыбы: «Жапырақтан жасалған гүлдер»**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту.Гүлдердің жапырақтардан жасалу жолдарын көрсете отырып, гүлдердің бөліктерімен таныстыру. Балаларды табиғи материалдарды дұрыс пайдаланып,гүлді дұрыс құрастыруға үйрету. | **Сурет салу Тақырыбы: «Бөлме өсімдіктері»**<br>**Мақсаты:** Өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтап,бөлме гүлдерінің аттарын атату,таныстыру өсімдіктердің бөліктерін ажырата білуге үйрету. Өздеріне ұнаған бөлме гүлдерін су бояқпен сала білуге үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Күзгі ағаш»**<br>**Мақсаты:** Бірнеше бөліктен тұратын еі үш заттарды бір – біріне біріктіруді,саусақ ептілігімен пішінді бұзбай,таза,ұқыпты орындауға қол жеткізу.Күзгі ағаштың бейнесін мүсіндеуге,қоңыр түсті ермексазды пайдалану.Балабақша ауласындағы өздеріне таныс ағаштарды мүсіндеуге дағдыландыру.Қызығушылықтарын арттыру.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы:«Жасыл дәріхана»**<br>**Мақсаты:**Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеттері бар өсімдіктермен таныстыру. Оларды қажетті мөлшерде ғана жинап өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Табиғатты қорғай білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2 апта «Құстар біздің досымыз »** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Баскетбол ойынының элементтерімен таныстыруды жалғастыру.Допты оң (сол) қолымен жерге ұрып қағып алуды үйрету.<br>**2,Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларға негізгі қасиеттер-ептілік пен шапшаңдық қасиеттерін дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын құм толтырылған қапшықты артынан қолдан қолға ауыстыра жүруге жаттықтыру.Допты қос қолымен желке тұсынан себетке лақтыруды үйрету.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Ептілік, күш, шапшаңдық сияқты қасиеттерді дамыту. Еденге қолымен сүйеніп, шығыршықтың ішінен өтуді үйрету.Допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Құстар біздің досымыз"**<br>**Мақсаты:**Балаларға үй мен қыстап қалатын құстарының тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Сөйлеу барысында құстардың атауларын білдіретін зат есімдердің жекеше және көпше түрлерін қолдана білу іскерлігін дамыту. Құстарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Қарлығаш пен Дәуіт» ертегі**<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні бейне таспадан көрсете отырып,қарлығаштың адамға дос екенін,дәуіттің адалдығын түсіндіру.Балаларды бір-біріне көмектесуге ,қиналған кезде жәрдем беруге үйрету.Табиғатты сүюге,аялауға,құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.Ертегі арқылы адамгершілікке,мейірімділікке баулу**.**<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: 1,2,3 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Биік, аласа.**<br>**Мақсаты:**3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау. Заттарды биіктігіне қарай салыстырып,оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау.Геометриялық пішіндерді сан цифрымен сәйкестендіру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Үй құстары»**<br>**Мақсаты:** Үй құстары туралы балалардың білімдерін кеңейту, үй құстарымен дала құстарының олардың ерекшеліктерін ажыратуға үйрету.Бақылай отырып, (немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй құстарына күтім жасауы туралы). Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту. Құстарды күтуге, баптауға тәрбиелеу. Ойлау, тыңдау қабілеттерін дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Құстарға ұя»**<br>**Мақсаты:**Балаларға геометриялық пішіндерді пайдалана отырып:тіктөртбұрыш,үшбұрыш,дөңгелек пішіндері арқылы құстарға арналған ұяны, сала білуге үйрету. Қарындашпен жұмыс жасау барысында ұқыптылықпен,қағаз ортасын бағдарлай отырып,сурет сала білуге,қол бұлшық еттерін дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Әсем құс»**<br>**Мақсаты:**Балаларға құстың мүсінін, денесінің сопақ пішінін көрсетіп, ұсақ бөліктерін, тұмсықты, құйрықты, қанаттарын қағаздан қиып ретімен жапсыра білуге үйрету. Ұйымшылдықпен, ұқыптылықпен жұмыс жасауға үйрету.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3 апта«Жануарлар әлемі»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Шапшаң және баяу қарқынмен ауыса отырып жүгіру. Еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту. Заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см).<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. Биіктігі 30-40см етіп қойылған орындықтың, таяқшаның астынан еңбектеп өту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Үй жануарлары мен төлдері»**<br>**Мақсаты:**Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру.Олардың төлдерін атай білуге үйрету.Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту және байыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі**<br>**Мақсаты:**Балаларға ертегіні мәнерлеп оқып беру.Мазмұнын түсіндіру.Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы еңбек сүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: 3,4 цифрларын салыстыру. Кең-тар. Шаршы.**<br>**Мақсаты:**Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету.<br>Тар және кең шамалары бойынша салыстыру.Пішін<br>дерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Үй жануарлары қандай?»**<br>**Мақсаты:**Үй жануарларының сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы түсініктерін кеңейтіп,білімдерін бекіту.Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Жануарларларға қора жасаймыз»**<br>**Мақсаты:**Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету.Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салуТақырыбы: «Мені қызықтыратын жануар»**<br>**Мақсаты:**Үй жануарларды таныстыруды жалғастыру.Геометриялық пішіндер арқылы,және жапырақ тәрізді бейнеге келтіру,әдіс – тәсілін пайдаланып,өздерін қызықтыратын үй жануарларының суретін сала білуге үйрету.Қол қимылдарын ойлануға,қиялын дамытуға тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Марқа қозы»**<br>**Мақсаты:**үй жануарлардың төлдері жайлау туралы түсінік беру.мАрқа қозыны мүсіндеу тәсілімен таныстыру,жеке бөлшектерді біріктіре отырып,марқа қозыны мүсіндеуге үйрету.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Жануарлар мекені»**<br>**Мақсаты:**Жануарлар және олардың түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Ересектердің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Жануарларды аялай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4 апта «Жануарлар қысқа қалай дайындалады»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бастарын көтеріп жүгіруге үйрету. Аяқтың ұшымен секіруге көңіл бөлуЗат арасынан екі аяқпен кезек-кезек секіру. Гимнастикалық орындық үстімен қапшықты басқа қойып жүгіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Кедергілерді жеңіп жүгіргенде қауіпсіздік техникасын сақтау. Балаларды шыдамдылыққа, қырағылыққа, жылдамдыққа үйрету. Кедергілерді жеңіп жүгіру.<br>Доппен жүгіріп, секіріп ойнау жаттығулары.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Доп бергенде алға қарай лақтырып беруді үйрету. Гимнастикалық орындық үстімен қапшықты басқа қойып жүгіруге үйрету.Екі қатарға тұрып допты бір-біріне лақтыру. Аяқ ұшымен гимнастикалық орындық үстімен жүру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Қысқа аңдар қалай дайындалады?»** (қысқа сюжеттік әңгіме құрастыру)<br>**Мақсаты:** Тәрбиешінің сұрақтары бойынша сөйлем құрастыруға үйрету. Қимыл-әрекетті білдіретін етістіктерді таңдауды үйрету. Сөзді оны білдіретін іс-әрекетпен қатыстыра білуді бекіту. Дыбыстарының дұрыс айтылуын бекіту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:« «Айлакер түлкі»**<br>(орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:**Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (қу түлкі, аңқау адам) сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу және орындау қабілеттерін дамыту.<br>**Орыс тілі**<br>**(маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:Заттар тобын теңестіру.**<br>**Мақсаты:**Заттарды салыстырып қою арқылы,<br>оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең-немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"«Орманшы қонаққа шақырады»**<br>**Мақсаты:**Жануарлардың тіршілігі, өмір сүру, мекендейтін ортасы, корегі туралы ұғым беру.Жануарлардың қорғануы: жиырылады, ызылдайды,тістейді, айқайлайды,қашады, бүркенеді. Жануарлар балаларын қалай қорғайды: қоректендіреді, қамқорлық жасайды, әдеттендіреді. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Түлкі»**<br>**Мақсаты:**Мақталы таяқша арқылы сурет салуға үйрету, өзіне таныс жануардың бейнесін дәстүрден тыс әдістер арқылы бейнелей білуге жаттықтыру, ұсақ бөліктерін салу арқылы суретті аяқтай білуге үйрету, қол моторикасын және шығармашылығын дамыту.<br><br>**ЖапсыруТақырыбы:«Кірпілер отбасы»**<br>**Мақсаты:**Балаларға кірпілер туралы түсінік беру, қағаздан сопақша пішінді қиып,таяқша пішін арқылы,тікенектерін жасауға үйрету.Қайшымен желімді ұқыпты қолдануға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | |

**Желтоқсан айы.**

**Өтпелі тақырып «Жасай бер Қазақстаным!»**

**Мақсаты**: Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды,білім,білік пен дағдыларды қалыптатыру, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттер, олау мен қиялдарды қалыптастыру.

**Міндеттері:-**Балалардың ҚР-ның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралыбілімдерін кеңейтуді жалғастыру, ҚР ның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуында Президенттің рөлін қалыптастыруға ықпал ету. Балаларда рухани адамгершілік құндылықтарды дамытуға бөлісу. Отанға және Президентке деген партриоттық сезімді тәрбиелеу.

-Балалардың туған жер, қала мен облыс, туған өлкенің құндылықтары мен әсемділігі туралы білімдерін кеңейту, өлкенің пайдалы қазбалары туралы алынған білімін бекіту, суреттер бойынша тануға және туған жердің көрікті жерлері мен көшелері туралы айта білуге үйрету.

- Мемлекеттік рәміздерін таныту. ҚР тәуелсіз мемлекет екендігін түсіндіру. Тәуелсіздік күні мерекесін сезіндіру. Желоқсан құрбандарына тағзым ете білуге, рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

-Жаңа жылдық мерекеге дайындық, мерекелік көлік-күйді қалыптастыру, ән, би, тақпақтар жаттатау арқылы, түсіндіре отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру заттық сурет салу, балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауымен және олардың міндеттерімен таныстыру, танис заттарды ажырата білуді, күнделікті қолдана білуді үйрету, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, сөздік қорларын кеңейту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. апта «Тарихқа саяхат» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Бір орында тұрып өкшемен бұрылуды үйрету.Аяқты қайшылап секіруге жаттықтыру. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыруды жалғастыру. Таяқпен серпіле сырғанауды үйрету. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.<br><br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту.Алға қарай баспен домалауды үйрету.Бір орында тұрып биіктікке секіруге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Елін сүйген – Елбасы»<br>**Мақсаты:** – балалардың Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралы білімін кеңейтуді жалғастыру. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет ретінде дамуында Президенттің рөлін қалыптастыруға ықпал ету. Балаларда рухани адамгершілік құндылықтарды дамытуға болысу. Отанға және Президентке деген патриоттық сезімді тәрбиелеу<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Отан!»**<br>**Е.Өтетілеуұлы**<br>**Мақсаты:**Балаларға Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту, өлең мәтінін оқып беріп оның интонациясын қабылдауға, есте сақтауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету. Отан туралы түсініктерін кеңейту, патриоттық сезімдерін дамыту. Өз Отанына деген құрмет сезіммен карауға, сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«4 цифры. Үлкен,кіші,кішкентай»**<br>**Мақсаты:**4 цифрын таныстыру.Нүкте бойымен 4 цифрын бастырып салуды үйрену.Өзге цифрлар арасынан 4 санын табу.<br>Үлкен,кіші,кішкентай сөздерін пайдалана отырып,<br>заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Жайнай бер, Қазақстаным!»<br>**Мақсаты:-** балалардың Қазақстан, Отаны, туған жері, анасы, әкесі, балабақша мен достарының бақытты тұратын мекені үшін сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдерін қалыптастыру<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:"Хан шатыр"**<br>**Мақсаты:**Құрылыс материалдарын пайдаланып, адамдар жүретін көпір құрастыра білуге үйрету. Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, үлкендерге көпірден өтуге көмек көрсете білуге тәрбиелдеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Сандық»**<br>**Мақсаты:**Қазақ халқының сәндік – қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту. Тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Сандықпен таныстыруды жалғастыру, ою-өрнек түрлері: «құс қанат» және «ирек» сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Байтерек монументі»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің мүсінін жасауға үйрету.Өз Отанына деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:"Нұр - Сұлтан-бас қалам"**<br>**Мақсаты:**Балаларға тұратын қалалар мен ауылдардың атаулары, Қазақстан Республикасының бас қаласы – Нұр - Сұлтан туралы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған елді мекенін, көрікті жерлерін, өлкенің табиғаты туралы түсініктерін кеңейту, мемлекеттік әнұранды айтуға сезімдерін ояту. Достыққа, туған жерін, елін, Отанын сүйетін патриотын тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. апта «Туған өлкем »** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Балалардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылдарды үйрету.Қолды жерге тигізбей шығыршықтан тура және бүйірмен өтуді үйрету.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп кедергілерден өтуді үйрету.Доға астымен қолына доп ұстап еңбекеуді үйрету.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды топтасып ойнауға үйрету.Қосалқы қадаммен арқан бойымен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге тигізіп) тепе-теңдік сақтап жүруді үйрету.3 метрден 10 метрге дейін қайталамалы жүгіруге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Туған өлке» М.ӘлімбайМақсаты:**Балаларға өзінің туған қаласы туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді зейін қойып тыңдай түсіне білуге, туған жер, Отан туралы өз ойларын, көзқарастарын еркін айтып жеткізе білуге дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін арттыру, байланыстырып сөйлеуін тілдік қорын дамыту. Елін, жерін, Отанын қорғауға, туған жерге деген патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың атты өлеңін оқу.**<br>**Мақсаты**.Шығарманы тыңдауға.мағынасын түсініп,қайта айтып беруге үйрету.Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Туған жерлерін сүюге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>**(маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«4 саны мен цифры». Логикалық есептер шығаруға жаттықтыру.**<br>**Мақсаты:**4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау.4 цифрын заттың санымен сәйкестендіруді ары қарай жалғастыру.<br>Айналадағы заттардан геометриялық фигураларды ажырата білуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Мен тұратын қала(ауыл)**<br>**Мақсаты:**Өз мекенжайы мен тұрғылықты қаласының (ауылының) атын білуі.Қаланың(ауылдың) сәулетті орындарына саяхат жасау.Өзі тұратын қаланың (ауылдың) сәулетті,мәдени орындары туралы түсінік беру.. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Мұнай ұңғымасы»**<br>**Мақсаты:** туған өлкеміздегі қазба байлықтары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>-Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып , сурет салуды қалыптастыру.туған өлкеміздегі байлықтарды қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Балықтар»**<br>**Мақсаты:** туған өлкеміздегі өнер – кәсіптер туралы түсініктерін дамыту.өлкемізде мекендейтін балықтармен таныстыру. Оларды қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3. апта «Тәуелсіз Қазақстан»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бір қатарда тұрып екі қолмен допты төмен жақтан лақтыру. Арқаға қойған қапшықпен төрт тағандап еңбектеу. Басқа қапшықты қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Алға еңкейіп допты лақтырғанда, бел мен қолды түзу ұстау.Тепе-теңдікті сақтап арқаға қапты қойып апару.Тепе-теңдікті сақтап басқа қапты қойып апару<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Шаңғымен жүргенде дене қимылын дамыту. Екі аяқпен секіру жаттығуы. Жүгіріп қарды дәлдеп ату жаттығуы. Шаңғымен жүргенде дұрыс дем алуды қадағалау. Екі аяқты қосып және екі аяқпен кезек-кезек секіру. Қарды домалақтатып жалауға дейін лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Республикам менің»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу.Қазақстанның тарихы мен, мәдениеті туралы түснік беру. Ой-өрісін дамыту.Еліне,жеріне,Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.Туған жерін сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Астана»**<br>**Т.Молдағалиев**<br>**Мақсаты:**Балаларға Нұр-Сұлтан қаласы туралы түсініктерін кеңейту.Балаларға шағын өлең жолдарын жаттап алуға, мәнерлеп дауыс ырғағын келтіруге білуге, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Отанына, еліне, жеріне деген мақтаныш сезімдеріне тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Сандарды салыстыру.Алыс-жақын.**<br>**Мақсаты:**Балаларды кем топқа, үстемелей отырып,<br>бір затты артық тәсілмен орнатуға үйрету. «Неше?» деген сұраққа жауап беруге,алыс-жақын ұғымдарын анықтау.<br>Балалардың зейінін, сөйлеу және дәптерде бағдарлау қабілетін дамыту; Достық қарым – қатынасқа тәрбие<br>леу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Тәуелсіздік құрбандары»**<br>**Мақсаты:**Еліміздің бас қаласы Нұр-Сұлтанның табиғатының әсемдігі, ауа-райының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Адам табиғаттың бір бөлшегі екендігі, табиғат заңдылықтарын сақтау туралы білімдерін бекіту. Табиғат тазалығын сақтауға, табиғаттан үндестік таба білуге, ізгілікті, жауапкершілікті, ұқыпты болуға, табиғатты сүйе білуге, аялай білуге Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, елжанды азамат болуға тәрбиелеу .<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Бәйтерек»**<br>**Мақсаты:** Тәуелсіздіктің бір белгісі «Бәйтерек»қатты картон қағаздарды дұрыс қолдана отыра құрастыру.Балаларды ұжымдық жұмыс жасауға үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Көк ту»**<br>**Мақсаты:**Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру, Ел басына, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыра отырып, көк тудың бейнесін қағаз бетіне салуды үйрету. Тік төртбұрышты туды көк түсті бояумен, сыртына шығармай, ұқыпты таза бояуға дағдыландыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Пирамида»**<br>**Мақсаты:**Пирамиданың мүсінін жасауға үйрету. Ермексазды қолдана отырып,үшбұрыш пішіндіжасау.Әдемі безендіруге жасауға дағдыландыру.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»**<br>**Мақсаты:**Тәуелсіздік күні мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру;бұл мерекенің ел үшін мағынасы мен маңыздылығын түсіндіру.Қазақстан Республикасының тарихи қайраткерлерімен таныстыру,өз халқы үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының табиғатына ұқыпты және қамқор қарым – қатынасты болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. апта «Жаңа жылдық сыйлықтар » | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**«Баскетбол». Кеуде тұсынан допты қос қолмен бір-біріне лақтыруды үйрету.Допты еденге соғып, адымдап алға алып жүруді үйрету. Көзбен мөлшерлей білу дағдыларын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Допты жоғары лақтырып және екі қолымен қағып алуды үйрету.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды үйрету. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Кегли арасымен ирелеңдеп жүгіруді үйрету.Допты еденнен ыршытып, жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алуды үйрету. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты, ептілікті дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қош келдің,Жаңа жыл!»**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту. Сурет бойынша әңгәме құрастыру арқылы ойлау қабілетін,сөйлеу тілін дамыту,сөздік қорларын нығайту. Эстетикалық тәрбие беру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Жаңа жыл келді!»**<br>**Мақсаты:** өлеңді мәнерлеп оқып,мазмұнын ашу;балаларға табиғат көріністерін сипаттап,қыс қызықтарын айтқызып үйрету;балалардың мерекелік көңіл күйлеріне көтере отырып жаттату.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Жоғарыда-төменде, сол жағында-оң жағында. Шаршы».**<br>**Мақсаты**:Заттардың үлгісі бойынша және аталған саны бойынша, санау дағдысын қалыптастыру.Бірінің астына бірі, үш қатарда орналақан, заттардың үш тобын салыстыруды жалғастыру.Сандар дың байланысын түсіндіру.<br>Кеңістік ұғымын қалыптас тыру.Логикалық тапсырмалар ды шешуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**: **«Шырша»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Шырша туралы білімдерін кеңейту. Жаңа жыл мерекесімен таныстыру.Балалардың сөздік қорын байыту. Қыс мезгіліндегі табиғат ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Жаңа жылдық шырша ойыншықтары»**<br>**Мақсаты:** Қылқалам ұшымен сурет сала алу дағдыларын түсіндіріп,шыршаны салғызу. Балалар көркем шығарманы эмоционалдық түрде қабылдауға үйрету;техникалық дағдыларын бекіте отырып,ағаш бұтақтары,ойыншықтарын сала алуды жаттықтыру. Таза ұқыпты салуға тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Жасыл шырша»**<br>**Мақсаты:**Туған өлкемізде өсетін ғажайып өсімдіктер туралы түсініктер беру.Оларды аялауға,күтіп баптауға тәрбиелеу.Жасыл шыршаның қасиеттері туралы түсіндіру.Шырша бейнесін жапсыру арқылы,қол моторикасын дамыту.Ұқыпты жұмыс жасауға,еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

**Қаңтар айы**

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:**Баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған.

**Міндеттері:**

-Дені сау болып өсуі үшін дұрыс қоректену керектігін түсіндіру;Адам денсаулығының қымбаттылығын түсіну, дәрумендер туралы білімдерін кеңейту; Балалардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырыпденсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу

-Балалардың қоршаған орта туралы түсінігін толықтыру, қыс қызығы туралы әңгімелеп айтуға баулу.Табиғат көріністерін сипаттау. Қыс мезгілі, қыстағы адамдардың, жануарлардың тіршілігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсіндіру.

-Балаларды қыста қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру. Олардың немен қоректенетінін, қалай қыстап шығатынын және қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болатыны туралы әңгімелеу.

-Денсаулық сақтау туралы түсінік беру, зейінін тұрақтандыру, ойлау қабілетін дамыту;салауатты өмір салты туралы түсінік беру;Спортпен шұғылдануға, тазалаққа , ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 а пта «Дұрыс тамақтану» (Дәрумендер | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды бір заттың астынан өтуге үйрету. Мәнерлігін, икемділіктерін дамыту. құрсаумен жаттығу жасауға көрсету.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты** Негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Керіліп тартылған жіптердің астынан өтуге жаттықтыру; екі қолмен допты кедергілер арасынан домалатуға үйрету.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды бір заттың астынан өтуге үйрету. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты, ептілікті дамыту; екі қолмен допты кедергілер арасынан домалатуға үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** "**Ақылды алма**"<br>**Мақсаты:**Балаларға дәрумендер және дұрыс тамақтану ережелері туралы түсініктерін кеңейту. Бау-бақшада өсетін көкөністер мен жемістердің пайдасы, олардың құрамында кездесетін дәрумендер маңызын айта, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін(көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту және сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:"*Жеміс бағында*"**<br>**М.Төрежанов**<br>**Мақсаты:**Балаларға дұрыс тамақтанудың, дәрумендердің тигізер пайдасын айту. Әңгіме мазмұнын түсіне білуге, үлкендер мен құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға , адамгершілік қасиеттерін бағалауға үйрету. Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, қимыл-қозғалысын, дауыс ырғақтарын келтіре алуға, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бір-біріне деген қамқорлық, мейірімділік қатынастарына тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: **«5 цифрымен танысу.Сол жағында,оң жағында,ортасында»**<br>**Мақсаты:**5 цифрымен таныстыру.5 цифрын нүктелер арқылы салу.Заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау (сол жағында,оң жағында,алдында, артында).Жыл мезгілі туралы білімін бекіту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Салауатты өмір салты»**<br>**Мақсаты**:Салауатты өмір сүрумен демалыс ұйымдастыру дағдыларын туралы білімдерін қалыптастыру. Балалардың бойында күш-тілік, ептілік, төзімділік қабілеттерін дамыту ұйымшылдықты, тәртіптілікті, саналықты және белсенділікті тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:«Алма мен алмұрт»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дәрумендер туралы түсінік бере отырып, денсаулыққа жемістердің мол пайдасы бар екенін ұғындыру. Алма мен алмұртты ажырата отырып, қағаз бөліктерімен құрастыру. | **Сурет салуТақырыбы: Дәрумендер әлемі. (сәндік сурет салу)**<br>**Мақсаты:**Шеңбер пішінді жемістермен көкөністерді бейнелеу.Ұқыптылыққа,әсе мдікке тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: "Піскен алмалар"**<br>**Мақсаты:**Домалақ пішін туралы білімдерін бекіту. Домалақ пішінді алу үшін балаларға ермексаздан кесіп алуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:«Күн барлық тіршілік көзі»**<br>**Мақсаты:**Балаларға адам денсаулығына ауаның судың және күннің тигізетін маңызын айтып түсіндіру. Су бұл табиғаттың баға жетпес құндылығы. Ауаны,суды қорғауға тәрбиелеу.. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. апта «Ғажайып қыс»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Белгі бойынша бір қатармен бір-бірлеп жүру және заттарды аттап өтіп жүгіру. Ұзын және қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру. 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң және сол қолмен лақтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Түрлі қарқында жүру және бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп жүгіру. Допты басымен итеріп еңбектеу.3-4 доғаның астынан еңбектеп өту.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Заттардың арасымен жүру, кедергілердің арасынан жүгіру. Арқан бойымен бір жақ жанымен қырындап тепе-теңдікті сақтап (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге) жүру.2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қар жамылған ағаштар»**<br>**(сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру.Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Көңілді қыс»**<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуін, сурет көріністерін бейнелей білуге үйрету, өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгімелеуге үйрету.Балалардың сөйлеу әрекетін, тілін, есте сақтау қабілетін, көркемдік талғамын, ой - қиялын дамыту.<br>Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«5 цифры туралы өткенді пысықтау.**<br>**Заттарды пішініне қарай геометриялық фигуралар**<br>**мен сәйкестендіру»**<br>**Мақсаты:**5 ке дейін санау қабілетін арттыру.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету.Түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйрету.<br>Айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды табуға үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қыс мезгілі»**<br>**Мақсаты**:қысқы табиғат ерекшелігін түсіндіру.<br>Қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту.Қоршаған ортаның әдемілігін, сезімталдығын түсіне білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Мақсаты:**Заттардың пішінін бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Аққаланың суретін салуға үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Ақшақар»**<br>**Мақсаты:**Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу.Бұлттардың суретін жапсыру үшін,суық түстерді таңдап алу.Қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру.Жапсыруда көркемдік элементерді кіргізе білуін үйрету.Әсемдікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. апта «Қыстайытын құстар» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Түрлі қарқында бір қатармен, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттар арасымен жүру, «жыланша» ирелеңдеп, кедергілер арасымен жүгіру. Ұзын және қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру. Қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүру, түрлі жылдамдықпен жүгіру.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату. 2-2,5 марақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау. Секірудің әртүрлі түрлерін орындау.Тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қыста қыстап қалатын құстар»**<br>**Мақсаты:**Балалардың қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту,білімдерін тиянақтау,сөздік қорын,тілін дамыту,өз ойларын тұжырымдауға,дәлелдеуге,түйіндей білуге жетелеу.Құстар тіршілігі,табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру.Қыстайтын құстарға сүйіспеншілік, қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Құстар қыста тоңады» Ө.Ақыпбеков**<br>**Мақсаты:**Қыста құстарға қамқор көрсетуге тәрбиелеу.қамқорлық қатынас білдіруді ниеттеуді жалғастыру.Құстарға деген сүйіспеншілігін арттыру.өлең жолдарын жаттата отырып,балалардың тілдерің дамыту. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Реттік сандармен танысу. Кеңістікте бағдарлау.Оң жақта,сол жақта,ортасында»**<br>**Мақсаты:**5 саны көлемінде реттік санау, сандық және реттік санауды айыра білу, «Қанша? Нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру, заттардың арасынан геометрия лық фигураларды таба білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Суық торғай бізде қонақта»**<br>**Мақсаты:**Құстардың сыртқы пішіні,мінез-құлқы туралы балалардың білімдерін тиянақтау.Қыстап қалатын құстар туралыбілімін кеңейту..Қарға,сауысқан,торғай,суықторғай,сары шымшық т.б.құстар туралы мағлұмат беру.Қанатты құстарға деген сүйіспеншілікке,қызығушылыққа,құстарға қамқорлық жасауға күтіп баптауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Құстарға арналған жем сауыт»**<br>**Мақсаты:**Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін жандандыру.Балалардың есте сақтау қабілетін,шығармашылық қиялын дамыту.Сіріңке қорапшасы арқылы, құстарға арналған жем сауытты құрастыра білулерін бекіту.Қыстап қалатын құстарға қамқор болу керек екенін қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Торғай»**<br>**Мақсаты:**Балалрға торғай туралы білімдерін кеңейту. Сыртқы пішіні сопақша,қанаты,тұмсығы,құйрығы геометриялық пішіндер арқылы сурет салу.Қылқаламмен сурет салу дағдысын қалыптастыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Торғай»**<br>**Мақсаты**:Торғайдың өзіндік ерекшеліктерін келтіре отырып, мүсіндей білуге үйрету. Шымшу, басу, тегістеу тәсілдерін меңгеру дағдыларын бекіту.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:«Біздің қанатты достарымыз»**<br>**Мақсаты:** құстардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың сыртқы ерекшеліктерін,мінез-құлқы,немен қоректенетіні туралы мағлұмат беру.Құстарды бақылау.Балаларға адамгершілікке табиғатты қорғауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. апта «Біз күштіміз,ептіміз» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, Түрлі қарқында бір қатармен. шашыраңқы жүру мен жүгіру дағдыларын бекіту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Сапта бір қатармен жүру, шашырап жүгіру. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір- біріне лақтыру. Екпінмен ұзындыққа секіру. Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру, 1,5- 2 мин тоқтаусыз жүгіру. 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру. Доғаның астымен төрт тағандап еңбектеу. Жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Біз күштіміз, ептіміз.»**<br>**Мақсаты:**Сурет арқылы баланың денсаулығын сақтауға және нығайту қандай шаралар қолданы-латынын әңгімелеп сипаттау. Салауатты өмір салтын, дене мәдениетін қалыптастыру. Бала-ларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, өз отбасына, достарына қайырымдылық, сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Менің добым»**<br>**Мақсаты:** Салауатты өмір салты туралы әңгіме құрастыруды жалғастыру.Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуды үйрету. Мәнерлі эмоционалды түрде жеткізе білуге дағдыландыру.қызығушылықтарын ояту.<br><br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«Реттік санау.Заттардың орналасу тәуелсіздігі.Геометрия лық пішіндер»**<br>**Мақсаты:**Реттік санауды «канша?» «нешінші?»деген сұрақтарға жауап беруді үйрету.Заттың сұлбасынан геометриялық фигураларды табуға үйрету.<br><br>**ЖаратылыстануТақырыбы: «Біз күштіміз,ептіміз»**<br>**Мақсаты:** Жабайы жануарларды танып,атай білуді және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білуді,олардың қимылдарына еліктеп жаттығулар жасауды (қоян болып секіру,аюдай қорбаңдап жүруді) үйрету.Үнтаспа арқылы дауыс ырғағын салу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Секіргіш»**<br>**Мақсаты:**Балаларға денсаулық ұғымы туралы түсіндіре отырып,ептілікке,күштілікке баулу. Секіргішпен секіру барысында, дене бұлшық еттерін нығайтатынын түсіндіру. Секіргіштің бейнесін қарындашпен ойық сызық арқылы,сала білуге үйрету. Сурет салу барысында ұқыптылықпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Менің көңілді добым»**<br>**Мақсаты:**Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып,домалақ пішінді бейнені жапсыруды,ажырап кетпеу үшін оны сүлгімен басуға үйрету,қолдың ұсақ моторикасын,түспен пішінді қабылдауды жетілдіру.<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

**Ақпан айы**
**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді

**Міндеттері:**

- баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту, өзін -өзі тануға ұмтылысын қолдау;
- балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасаудағдыларын қалыптастыру, жақын маңайдағы заттарды ажыратып атай білу біліктерін жетілдіру;
- телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстыру;

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. апта «Табиғат құбылыстары»(өлі табиғат) | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру және шашырап, жұптасып жүгіру.Ұзын және қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру. Көлденең және көлбеу бөрене бойымен тепе- теңдікті сақтап жүру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды қолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүру мен жүгіруге, допты бір-біріне лақтыруға жаттықтыру.Секіріп жерге аяқты сәл бүгіп түсуді үйретуді жалғастыру. 5-6 арқаннан қос аяқтап секіру.Бір біріне 1,5 м қашықтықтан, қолдарын төмен ұстап доп лақтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларды жүріп бара жатып нұсқаушының белгісі бойынша тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, дене жаттығуларына қызығушылықтарын тәрбиелеу,заттың айналасымен допты домалатуды, құрсаудан құрсауға секіру дағдыла рын бекіту.Секіру-құрсаудан құрсауға.Заттардың арасымен допты домалату. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Мөлдіреген аппақ қыс» (сурет бойынша әңгіме)**<br>**Мақсаты:** Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыру іскерлігін жетілдіру.Қысқа байланысты тақпақ, сұрақ- жауап арқылы тіл байлығын байыту.Оларды бақылауға тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Екі Аяз» ертегісі**<br>Мазмұнды эмоционалды қабылдай білу, кейіпкерлерге жанашырлық таныта білу біліктерін, ертегіні баяндау ерекшелігін байқауды жетілдіру. Шығарма мен өлеңді ажырата білуді; көркем шығармаларда түрлі өмірлік жағдаяттар: мереке, өмірден алынған күлкілі және байсалды үзінділер бейнеленуі мүмкін екендігін түсіне білуге баулу. Таныс шығармаларда бағдар жасай білуді, оларды суреттерден танып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар.Есептік және реттік санау».**<br>**Мақсаты:**5- саны көлемінде реттік санау дағдысын қалыптастыру.Сандық және реттік санауды айыру.Теңдік<br>ті кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Қар қиыршықтары»**<br>**Мақсаты:**Өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. Өлі және тірі табиғат құбылыстары мен заттары Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру, өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер қыс, мезгілдерінде табиғатты бақылау, қарапайым зерттеуге қызығушылық пен әуестік таныту дағдыларын дамыту;<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қысқы бейне» Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы балалармен әңгімелесу, балалар өз ойларынша қысқы бейнені қажетсіз құралдармен құрастыру. Топтасып жұмыс жасауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Қардың бейнесін салу.**<br>**Мақсаты:**Қардың бейнесін салуға үйрету.Бояуды қолдану дағдыларын жетілдіру. Су бояқпен жұмыс жасауларын қадағалау.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Аққала».**<br>**Мақсаты:**Балаларға ермексазды жұмсарту,созу,домалақтау тәсілдерін қолдана отырып,үшбөлікке бөлу арқылы аққала жасауды үйрету. Дөңгелек пішіндерді мүсіндеу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Қысқы орман»**<br>**Мақсаты**:Өлі табиғат құбылыстары мен заттары,өлі табиғат объектілері туралы білімдерін кеңейту және бекіту.Қыс, мезгіліне табиғатына бақылау жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. апта «Көліктер»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастырып, аттап жүру, 2 мин дейін заттардың арасымен үздіксіз жүгіру.Бір орында және 6-8 м қашықтыққа алға қарай жылжу арқылы секіру. Арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Түрлі қарқында жүру және бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп жүгіру. Екпінмен ұзындыққа секіру. Допты жоғары лақтырып, қағып алу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Заттардың арасымен жүру, кедергілердің арасынан жүгіру. Арқан бойымен бір жақ жанымен қырындап тепе-теңдікті сақтап (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге) жүру.2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Көліктер"**<br>Мақсаты:Балаларға көліктердің түрлерімен таныстыру. Автобус, трамвай, жедел жәрдем, өрт сөндіруші, ұшақ, зымыран, кеме т.б көліктердің қызметі жөнінде түсінік беру. Адам өмірі мен еңбегін жеңілдететін көліктің маңызын білуге үйрету. Көшеде жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Көлік жүргізушінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Көліктер.**<br>**Мақсаты:**Балаларды көлік түрлері туралы әңгімелесу.Жолда жүру ережелері туралы білімдерін толықтыру.Шағын тақпақ жолдарын жатқа айтуға жаттатқызу.Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар,текше,цилиндр».**<br>**Мақсаты:**Үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын айта білуге үйрету.Сандарды заттар арқылы сәйкестендіру. Шар,текше,цилиндр сияқты геометриялық фигураларды тану және атау.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Көлік түрлері.**<br>**Мақсаты:**Көліктерді ажырата білуге,не үшін керек екендігі туралы түсінік беру.Көлік туралы жұмбақтарды шешу арқылы балаларға көлік түрлерінің ерекшіліктерін тереңірек түсіндіру.Өзін-өзі қоршаған ортада мәдениетті ұстауға,әдепті, әдемі болуға үйрету.Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын жетілдіру.Достық пен сыйластыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Машина.**<br>**Мақсаты:**Көліктердің суретін салуды одан әрі жетілдіру. Суреттің мазмұнын бере білуге үйрету.Эстетикалық тәрбие беру.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Жүк көлігі»**<br>**Мақсаты:**Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қол қимылдарын дамыту. Әдемілікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3. апта «Электроника әлемі»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Түрлі қарқында бір қатармен, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттар арасымен жүру, «жыланша» ирелеңдеп, кедергілер арасымен жүгіру. Арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқпен және қос аяқпен секіру. Қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүру, түрлі жылдамдықпен жүгіру.<br>Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br>2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау. Негізгі қасиеттерді - шапшаңдықты, ептілікті дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Электро техникалық тұрмыстық заттар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротехника заттарының атауларымен байыту. Олардың қолданысын түсіндіру. Сұрақ – жауап арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Тоңазытқыш» (Сурет бойынша)**<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету. Шығарма мен өлеңді ажырата білуді, заттарды суреттерден танып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру біліктерін бекіту. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру.**<br>**Мақсаты:**Реттік санауды жалғастыру. «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру,заттың санымен сәйкестендіруді үйрету. Шеңбер, шаршы, үшбұрыш,тіктөртбұрыш геометриялық пішіндер туралы өткенді қайталау.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Тұрмыстық бұйымдар»**<br>**Мақсаты:**Адам көмекшілері туралы балалардың білімдерін кеңейту,адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электр тоғы,тұрмыстық техника туралы білім беру;Балалардың назарын заттардың адам үшін қызмет ететіндігіне аудартту.Заттардың қауіпсіз ережелерін сақтауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:"Теледидар"**<br>**Мақсаты:**Тұрмыстық заттарды қайталай отырып, теледидар жайлы білімдерін толықтыру. Сіріңке қораптарын қолданып, теледидар дың бейнесін жасай алуға , керекті пішіндерді дұрыс таңдап алуға үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Теледидар»**<br>Мақсаты:Адамға көмекші заттар туралы білімдерін кеңейту, теледидардың суретін салуға үйрету. Шаршы және төртбұрышты заттарды субоякпен сала білуге, зейінді болуға, шығармашылықтарын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Ұялы телефон»**<br>**Мақсаты:** Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылық дағдыларын қалыптастыру.Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Электроника әлемінде»**<br>**Мақсаты:** Электроника әлемі туралы түсінік қалыптастыру,қауіпсіздік ережесімен таныстырып,пайдасы және зияны туралы білімдерін нығайту.Үлкендердің көмегі арқылы пайдалануға болатынын түсіндіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4. апта .«Алуан –алуан кәсіп бар,таңдай біл,талап қыл!»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, тізені жоғары көтере отырып жүгіру.Бір орыннан ұзындыққа секіру. Қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**.Қозғалыс қарқынын өзгертіп жүру, заттардың арасымен жүгіру. Гимнастикалық орындықтан еңбектеу.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру, 1,5- 2 мин тоқтаусыз жүгіру.2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру. Доғаның астымен төрт тағандап еңбектеу. Нұсқаушының белгісі бойынша әрекет ету дағдысын бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**«**Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**(сурет бойынша әңгіме)**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру, еңбекке деген қызығушылықтарын ояту,үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.Мамандық туралы білімдерін тиянақтау.Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, мақал-мәтел айтып, жұмбақ шешу<br>арқылы толық сөйлеуге баулып, сөздік қорларын дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» ертегісі.**<br>**Мақсаты:**Мамандық иелері туралы түсінік беру, ертегі мазмұнын түсіне білуге үйрету. Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, жұбымен келісе отырып, сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін сақтауға шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>Адамгершілік қасиеттері мен бір-біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«Қанша?Цифр**<br>**ды заттың санымен сәйкестендіру.Сол жағында,оң жағында.**<br>**Мақсаты:**Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету.Қағаз бетіне бейнелен<br>ген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету.(сол жағында,оң жағында).<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Мен құрылысшы боламын»**<br>**Мақсаты:** Әр түрлі мамандық туралы білімдерін кеңейту,түрлі мамандыққа, жұмыс түрлеріне қатысты сөздерді (құрылысшы, мұғалім) айта білу. Құрылысшы мамандығымен және олардың еңбегімен таныстыру; құрылыс материалдарының бөлшектерін ажыратуға үйрету.Танымдық қабілеттерін дамыту. Тұрмыстық заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Тігінші апайдың түрлі – түсті жіптері»**<br>**Мақсаты:**Фломастерді немесе майлы қарындашты дұрыс пайдалана отырып,ирек сызықтарды сызуға үйрету.саусақтардың бұлшық еттерін дамыту.Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Мамандық иелерінің құралдары»**<br>**Мақсаты:**Дидактикалық ойындар ойнау арқылы,әр маман иесінің құралдарын тауып,екі- үш бөлікті бір – біріне жапсыру арқылы жалпы белгілері заттарды топтастыруды қалыптастыру.Ұқыптылық қа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

**Наурыз айы**

**Өтпелі тақырып «Салт - дәстүрлермен фольклор»**

**Мақсаты:** «Салт-дәстүрлер және фольклор» –қазақ халқы тұрмысының салт-дәстүрлерімен ерекшеліктері туралы түсініктер беру, бала тұлғасының рухани-адамгершілік негіздерін қалыптастыру, эмоциялар, сезімдер, ойлауды, қоғамда әлеуметтік бейімделу механизмдерін дамыту, балаларды төзімділікке, ұлттық және дінге шыдамдылық рухында тәрбиелеу

**Міндеттері:**

- аналар мерекесі жайлы түсініктерін кеңейту, аналарға құрмет көрсету дағдыларын қалыптастыру;

–балалардың көпұлтты Қазақстан Республикасы ретінде Қазақстан туралы білімін кеңейту, өз елінің өткені мен келешегіне қызығушылықты, білуге құмарлықты және бақылағыштықты дамыту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

-балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру,.баланың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру,халық өнегесін үйрету;

-.ата-анамен тығыз байланыс жасау арқылы ортақ тәрбиеге жұмылдыру. Туған елдің салт -дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру.Салт -дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт -дәстүрі туралы білімдерін дамыту.Туған халқының дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру. Елінің салт дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1. апта «Аналар мерекесі»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Дене сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларын қайталату. Білте таяқшалары арқылы аттап өтуге үйрету.Допты қабырғаға лақтырып, кері ыршыған допты ұстап алуға үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жүгіріп өту мен ұзын секіртпемен секіруді жаттықтыру.Бір орында тұрып, аяқты ауыстырып басып бұрылуды үйрету. Балалардың жылдамдық қасиеттерін дамыту. Спортқа қызығушылығын ояту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тұрған орнынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Допты екі қолмен бастан асыра лақтыру дағдысын бекіту.Сенімді қатынастарды нығайтуға ұмтылу. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Аналар мерекесі»**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгілінде болатын алғашқы мереке – аналар мерекесі туралы түсінік беру.Балаларды байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру,ойын арқылы қызығушылықтарын арттыру.Сөздік қорын молайту.5-6 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыруды үйрету,жаңа сұрақтарға толық жауап беруге дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ана»(өлең)**<br>**Мақсаты:**8-наурыз Аналар мерекесі туралы білімдерін қалыптастыру,анаға деген құрметін,балалаық сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуді дамыту.Шағын өлең жолдарын жатқа айту.Аналар еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«Реттік санау.Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Солға,оңға.**<br>**Мақсаты:**Реттік санауға машықтандыру. «қанша?» «нешінші?»деген сұрақтарға жауап беруге үйрету.Заттарды дұрыс санауға үйретуді әрі қарай жалғастыру (5 саны көлемінде) , заттардың орналасуын сөзбен баяндауды үйрету (сол жақта, оң жақта,ортада).<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Аналардың жүрегі»**<br>**Қ Мырзәлі**<br>**Мақсаты:**Аналардың махабатын сезіндіре білу.Аналардың жүрегі кең мейірімді екенін ұғындыру.Аналарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Гүл (оригами)**<br>**Мақсаты:**Қағазды бүктеу арқылы гүл жасай білуге үйрету.Саусақ қимылдарын дамыту.Жұмыстарын аяғына дейін апаруға үйрету.Еңбекке деген қызығушылығын арттыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Анама аналған орамал»**<br>**Мақсаты:**Аналар мерекесі туралы мағлұмат бере отырып,аналарына арналған мерекелік орамалды сала білуге үйрету.Саусақтарының икемділігін арттыру.Әсемдікті сезіне білуге,сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу.Қарындаштың көмегімен аналарға арналған орамалды салғызу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Әдемі гүл»**<br>**Мақсаты:**Аналар мерексіне арналған әдемі гүлдермен таныстыру.Гүлдердің түр- түстерін ажырата білуге баулу.Түймедағы гүлін мүсіндеуге үйретіп,көктем меөзгілі білімдерін кеңейту,саусақ бұлшық еттерін сөздік қорын тілін дамыту.Табиғатты қорғауға,адамгершілікке,ұқыптылыққа,бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен таысу**<br>**Тақырыбы: «8 – Наурыз Аналар мерекесі»**<br>**Мақсаты:**<br>Халықаралық мереке – 8 Наурыз Аналар мерекесін таныстыру.аналарды тек мереке күні ғана емес,күн сайын сыйлау,қадірлеу керектігін балалардың саналарына ұғындыру.Әдепті болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. апта «Өнер көзі - халықта»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастырып, аттап жүру, 2 мин дейін заттардың арасымен үздіксіз жүгіру. Бір орында және 6-8 м қашықтыққа алға қарай жылжу арқылы секіру. Допты жоғары лақтырып, қағып алу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Түрлі қарқында жүру және бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша» ирелеңдеп жүгіру.Екпінмен ұзындыққа секіру. Арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Заттардың арасымен жүру, кедергілердің арасынан жүгіру.Арқан бойымен бір жақ жанымен қырындап тепе-теңдікті сақтап (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге) жүру.2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Киіз үй"**<br>**Мақсаты:**Балаларға қазақтың киіз үй ішімен, қолдан жасалған заттармен таныстыру және үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Ойындар арқылы танымдық,ойлау қабілеттерін дамыту,сөздік қорларын молайту,тілдің белсенділік қызметін арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу, ұлттық мұрамызды сақтауға, қадірлеуге, үй жануарлардың төлдерінің атын атай білуге, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Наурыз тойы» өлеңі Т.Молдағалиев**<br>**Мақсаты:**Сөздерді анық айтуға, логикалық екпіндерді сақтауға, өлеңнің ұйқасын, халықтық тақпақтардың ырғағын, қуанышты, сүйсінуді бере білу дағдыларын қалыптастыру..<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі. Заттарды көлемі бойынша салыстыру».**<br>**Мақсаты:**5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру, заттарды санымен сәйкестендіру.Логикалық тапсырмалар ды орындау.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық киімдері»Мақсаты:** Ұлттық киімдермен (тақия,бүрмелі көйлек,камзол,шапан)таныстыру.олардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра отырып,қазіргі киім түрлерімен салыстыра әңгімелеп беруге үйретуге.Сөздік қорларын молайту.Есте сақтау қабілетін дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Киіз үй»**<br>**Мақсаты:**Балаларға киіз үй туралы түсініктерін кеңейту. Қазақы ою-өрнектердің бірі қошқар мүйіз элементін салуды үйрету.<br>Пішінді саларда қолын үзбей солдан оңға қарай қылқаламмен сурет салуға іскерлік дағдыларын жетілдіру. Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Құрақ көрпе»**<br>**Мақсаты:**Балаларға қолөнер шеберлерінің бұйымдары:құрақ көрпе, көпшікпен таныстыру.Түрлі-түсті қағаздан шаршы пішіндерді қиып жапсыруды үйрету.Қайшымен, желіммен жұмыс істеу, қағаз бетіне қиылған құрақтарды орналастыра алу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3. апта «Біздің салт - дәстүріміз»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** (биіктігі 30-40 см) жіптің астынан еңбектеп өтуді жалғастыру.Заттар арқылы оң, сол бүйірмен және қос аяқпен алға қарай секіруді үйрету. Белгіге қарай жылдам секіру дағдысын қалыптастыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Теріс қараған күйде заттарды аттап жүруді үйрету. Берілген межеге дейін баспен допты итере еңбектеп жүруді үйрету. Қимыл- қозғалыстар үйлесімін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жүгіріп келіп биіктіктегі затқа қолды (шарға қол тигіз) жеткізе секіруді үйрету. Тізерлеп тұрып, допты бір-біріне қос қолымен басынан асыра лақтыруды үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Салт- дәстүрді білемін»**<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту.Заттар тобын білдіретін сөздерді балалардың сөздік қорына жалпылауыш сөздерді түсіну арқылы ендіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>**Мақсаты:**Өлеңді оқып – үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу түсіндіру.Қазақтың салт – дәстүрлерін ұстануға, сақтауға, үйрету.Бесік жырының маңызын ұғындыру.Балалар өз ойларын,пікірлерін еркін айтуға баулу. Салт – дәстүрді құрметтеуге,адамгершілікк,мейір імділікке.тазалыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:« Реттік санау.Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікте орналасуы. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру».**<br>**Мақсаты:**Заттың санын сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру.Реттік санауға машықтандыру. Сандардың арасындағы байланысты түсіндіру.Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу,заттарды оң қолымен, солдан оңға қарай бағдарлау.Логикалық тапсырмалар ды шешу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Менің елімнің салт - дәстүрі**<br>**Мақсаты:** Туған елдің салт- дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт- дәстүрі туралы білімдерін дамыту. Туған халқының дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру. Елінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Құрақ көрпе»**<br>**Мақсаты:** Құрақ өнерімен таныстыру.Қиылған оюларды көрпеге қяғни қағаз бетіне орналастырып құрастыру.Ұлттық қол өнерімізді дәріптеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Әжемнің камзолы»**<br>**Мақсаты:**Балаларға қазақтың ұлттық киімі – камзолмен таныстыру. Қазақ ою-өрнегінің элементі қошқар мүйізбен безендіруді үйрету. Түстерді үйлестіре білу қабілеттерін, қол-саусақ моторикасын дамыту. Сәнді-қолданбалы өнерге қызығушылығын арттыру. Жұмыс істеу іскерліктеріне машықтандыру, еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Торсық»**<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бұйымы торсықпен таныстыру,торсықты ермексаздан мүсіндеу әдіс – тәсілдерін үйрету. Торсықты әрт үрлі әдіс-тәсілдермен безендіру.<br><br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:«Киіз үй жабдықтары»**<br>**Мақсаты:**Киіз үй жабдықтарымен таныстыру. Киіз үйді ауа райының қандай жағдайына да пайдалануға болатындығын,киіз үй жабдықтары туралы айтып,балалардың есте сақтай қабілеттерін дамыту. Атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. апта«Қазақ халық ауыз әдебиеті,бізде қонақта» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Түрлі қарқынмен жүру және жүгіру. Орындық үстімен текшелерден аттап жүру. Допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алу. Қос аяқтап заттар арасымен секіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, шашырап, жұптасып жүгіру. Оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен секіру.<br>Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір- біріне лақтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Қозғалыс бағытын өзгертіп жүру, заттардың арасымен жүгіру. Шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру.Алға қарай жылжу арқылы оң және сол аяқтарын кезектестіріп секіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:"Ертегіде қонақта"**<br><br>**Мақсаты:**Балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білу, сұраққа жауап беруге, сөздік қорын молайтып, танымдылық, шығармашылық қабілеттерін, диалогты сөйлеу мәдениетін дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ертегілер елінде»**<br>**Мақсаты:**Балаларға өздерінің білетін ертегілердің кейіпкерлерін еске түсіре, оның қай ертегі екенін айта сахыналауға дағдыландыру. Достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Айнала қоршаған ортаға мейірімді, қайрымды болуға тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «1.2.3.4.5 цифрлары мен сандары.**<br>**Сан мен цифрды салыстыру»**<br>**Мақсаты:**Санау қабілетін нығайту.Гүлдер туралы білімдерін кеңейту, 5-ке дейін тура және кері санауға үйрету.Қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдысын бекіту. Берілген суреттегі айырмашылықтар ды таба білу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Ақсақ құлан » (аңыз) ертегісін таныстыру**<br>**Мақсаты:** «Ақсақ құлан » ертегісін таныстыра отырып балалардың аңызға деген құштарлығын ояту. Өмірге деген көз қарасын, бір-біріне деген адамгершілік қасиеттерін және сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Құмыра»**<br>**Мақсаты:**Балаларға құмыраның бейнесін қағаз бетіне салуды үйрету. Заттың пішінін қағазға тұтастай орналастыра алуға, композиция құруды, сыртын әдемі гүлмен толықтыруды қызығушылығын арттыру. Саусақ қимылдарының дәлдігін дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Әжемнің бас орамалы»**<br>**Мақсаты:** Балаларды шаршының ортасына бұрыштарын қазақ ою – өрнектерін жапсыруға үйрету.Сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру.Желімді пішінге тағып,артығын майлық арқылы сүртіп отыру арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру.Ою элементтерін ортаға,бұрыштарға орналастырып, жапсырып шаршы қағаз пішінінде бағдарлауға үйрету.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

**Сәуір айы**

**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

**Мақсаты:** Қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау; балалардың сөйлеуін дамыту.

**Міндеттері:**

**-**Балаларды еңбекті сүюге, адамның тек еңбек арқылы көп жетістіктерге жететінін зерек, ұқыпты, білімді болу әркімнің өзіне байланысты екенін ұғындыру, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру; еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;

-Байқоңыр ғарыш айлағы туралы әңгімелеу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерді таныстыру, балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу.

-Табиғатта болып жатқан өзгерістер, көктемнің келгені мен жыл құстарының өлкелеріне ұшып келуі, ұя салуы, балапандар басып шығаруы туралы түсініктерін қалыптасты экологиялық мәдениет пен шығармашылық ойлауын, қоршаған орта, оның адам үшін маңызы туралы алғашқы білімін қалыптастыру, табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеу, қоршаған ортаға ұқыпты, жауапкершілікпен карауды тәрбиелеу, табиғатта және тұрмыста сауатты және қауіпсіздік тәртіп дағдыларына үйрету

-Жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту. Жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын ояту.Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу. Жәндіктердің тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. апта «Еңбек бәрін жеңбек» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Музыкалық-ырғақты қимылдар.Басқа дорбаша қойып гимнастикалық орындық үстімен жүруді үйрету. Үйренген жаттығуларын орындай білу дағдысын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Ойындар ойната отырып шапшаңдыққа баулу. Заттардың арасынан төрттағандап еңбектеуге жаттықтыру.«Қонжықтар» допты екі тізесінің арасына қыстырып, берілген жерге дейін секіруге жаттықтыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Заттардың арасынан «жыланша» ирелеңдеп жүгіруді үйрету.Етпетінен жатып, арқаға құм салынған қапшықты қойып еңбектеуді үйрету. Спортқа деген қызығушылығын ояту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Еңбек бәрің жеңбек»**<br>**Мақсаты:**Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, құрмет, қадір-қасиет, сыйлау ұғымдарының адами қарым-қатынастағы маңыздылығын түсіндіру. Еңбек туралы мақал-мәтелдер айта отырып,тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту..Еңбек ету арқылы мейірімділік, адамгершілік, қамқорлық,сыйластық, қасиеттерін дамыту.Еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Әке мен бала»**<br>**Мақсаты:Ы.Алтынсарин**<br>Балаларға әңгіме мазмұнын тыңдай алуға, кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрыстарын сахыналауға үйрету. Көркемдік, тілдік, жағына назар аударып, рольдерде ойнауға, өзінің көзқарасын білдіре алуға, жалқаулықтың жаман әдет екенін түсіне білуге дағдыландыру. Еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**«1.2.3.4.5 цифрлары.Реттік санау.Оң жақта-,сол жақта,жоғарыда-төменде»**<br>**Мақсаты:**5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру.Геометриялық фигураларды таба білу дағдыларын бекіту.Балалардың кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: "Ағаштар"**<br>**Мақсаты:**Балаларға қаламызда өсетін ағаштарды білуге бұтақтары мен жапырақтарын діңіне қарай тануға үйрету. Табиғат байлығын қорғауға, оны аялай білу дағдысын дамыту. Оларды күтіп баптайтын үлкендердің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Еңбек етуге деген қызығушылықтарын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:"Ағаш"**<br>**Мақсаты:**Табиғаттағы тіршілік ,көктемгі ағаштар туралы білімдіерін кеңейту.Балалардың қол икемділігін арттыру,табиғи материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру.Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Алғашқы гүлдер»**<br>**Мақсаты:**Қылқаламмен салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу,түстерді сезіну және араластыру дағдысын жетілдіру.Эстетикалық сезімін қалыптастыру,әдемілікке.әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Күрек пен тырмауыш»**<br>Балаларға еңбек құралдарын мүсіндей алуға үйрету.Тұрмысқа қажетті құралдардың түрлі түсті ермексаздан бейнелей алу іскерлік дағдыларын дамыту. Ұқыпты жұмыс істеуге, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктемгі еңбек»**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар , өсімдіктер мен жануарлардың өзгерістері. Балаларға көктемдегі пайдалы еңбек туралы түсінік бере отырып,<br>Балаларға көктем мезгіліндегі еңбек түрлерімен таныстыру. Еңбексүйгіштікке , табиғатқа қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. апта «Ғарышқа саяхат» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. Кеглиді доппен соғып құлатуды үйрету.Арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқпен секіруді үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету.Қос қолымен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуды үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Балалардың денсаулығын қорғау және нығайту. Салауатты өмір салтын ұстауды, дене сапаларын дамыту. Шығыршықты түзу сызық бойымен домалатуды үйрету.Еденде бір-біріне параллель созылып жатқан 3-4 жіптен кезекпен секіріп өтуге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қазақстанның ғарышкерлері»**<br>**Мақсаты:**Ғарышкерлер туралы түсініктерін қалыптастыру.Қазақстанның ғарышкерлерімен таныстыру.Олардың еңбегін бағалауға,құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Ұшқыш болам»Т.Молдағалиев**<br>**Мақсаты:** Өлеңді жаттата отырып,тілін дамыту,әдеби сөйлеуді қалыптастыру.Ғарышкерлерге құрметпен карауға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «4-5 сандарын салыстыру.Заттың санын цифрмен сәйкестендіру.Не неге ұқсайды?оң жақта-сол жақта».**<br>**Мақсаты:**Цифрды заттың санымен сәйкестендіру қабілетін бекіту.Дәнді дақылдар туралы білімдерін кеңейту, 5-ке дейін санды тура кері санауға бейімдеу. Геометриялық пішіндер бойынша әртүрлі заттарды салыстыруды жетілдіру. Кеңістікті бағдарлау бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Тұңғыш қазақ ғарышкер» Мақсаты:** Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровпен таныстыру.Ғарышкердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Ғарышкер туралы терең мағлұмат алу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Зымыран»**<br>**Мақсаты:** Зымыранмен таныстыру.Әр түрлі пішіндер арқылы суретті бейнелеуге дағдыландыру.<br>Саусақтын ұсақ қол моторикасын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Зымыран»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ғарыш әлемі ғарышкер туралы айта отырып,ғарышқа тек зымыран мен ұшатынын түсіндіру.Пішіндерден зымыран жасай алуды үйрете отырып,қол икемділіктерін,ой белсенділіктерін дамыту.Ұқыптылыққа,тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3. апта «Табиғат оянды» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттытыру.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді бекіту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл әрекеттердің үйлесімділігін дамыту.Гимнастикалық орындық үстімен еңбектеуге жаттықтыру.Еденге қолдарын артқа тіреп, бір аяқтарын түзу ұстап, кезек-кезек жоғары көтеру, түсіруді үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тепе- теңдікті сақтап жүруге үйрету. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Түрлі тәсілдермен жүргіруге үйрету. Кедергісі бар тақтай үстімен адымдап, аяқ ұшымен өкшемен жүру.Бір сызыққа қойылған заттар арасымен «жыланша ирелеңдеп» жүгіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Көктем келді» Б.Серікбаев**<br>**Мақсаты:** Балаларға көктемгі табиғат құбылыстары мен ерекшеліктері туралы түсінік беру, жыл мезгілдері туралы білімдерін кеңейту. Көктем көрінісі жайлы әңгімелеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өлең жолдарындағы табиғаттағы әсемдікті бақылауға дағдыландыру, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру. Еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Қайырымды бұлт»**<br>**Мақсаты:**Балаларға ертегі мазмұнын түсінуге кейіпкерлердің әрекетін бағалауға үйрету. Адамдардың сезімі мен қарым-қатынасын көрсету, кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіре алуға қалыптсатыру. Бір-біріне деген сыйластық, қамқорлық, көмек көрсету, еңбектенуге тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Заттың санын цифрмен сәйкестендіру.Алыс-жақын».**<br>**Мақсаты:**Заттың санын сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру. Заттардың кеңістікте орналасуын анықтауды, беттестіру және тұстастыру арқылы тең және тең емес заттарды салыстыруды жетілдіру. Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Көктем келді"**<br>**Мақсаты:**Көктемгі табиғат ерекшеліктерін ауа райындағы, адамдардың киіміндегі қарапайым өзгерістерді бақылау. Балаларға көктемгі табиғат туралы түсініктерін кеңейту, көктемгі табиғат құбылыстарын,өлі табиғат пен тірі табиғат байланысын ұғындыру. Үлкендердің еңбегін бақылау арқылы еңбексүйгіштікке, табиғатты қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:"Ағаш"**<br>**Мақсаты:**Табиғаттағы тіршілік ,көктемгі ағаштар туралы білімдіерін кеңейту.Балалардың қол икемділігін арттыру,табиғи материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру.Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Көктемгі табиғат»**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгіліндегі табиғаттағы өзгерісті бақылай отырып, ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту. Жыл мезгілі көктемнің бейнесін, ұсақ бөлшектерін түрлі-түсті қарандаштармен салуды үйрету. Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту.Жұмыс істеу іскерліктеріне машықтандыру, еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Көктемгі гүлдер»**<br>**Мақсаты:** Көктемгі гүлдер туралы білімдерін қалыптастыру.Гүлдерді күтіп баптауға,әдемілікке,сұлулыққа деген сезімін ояту арқылы,табиғатты қорғай білуге деген тәрбиелеу.Көктемгі гүлдердің бейнесін мүсіндеуді көрсету және ермексазды қолданып,мәнерлі де әдемілеп сәндеу.Шығармашылық ойлау мен қиялын дамыту.<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Табиғаттың көктемде оянуы»**<br>**Мақсаты:** Көктемдегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын кеңейту. Ой белсенділігін бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. Табиғатқа достық қарым – қатынасты және позитивті көзқарасты тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4. апта «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тапсырманы орындай отырып, бір- бірлеп тізбекпен жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдыққа, ептілікке дағдыландыру. Қос аяқтап заттар үстінен, оң және сол аяқтарымен кезектесе секіруге жаттықтыру.<br>Қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Дене сымбатының дұрыс түзілуіне арналған жаттығуларды қайталау.Допты лақтырып қайта қағып алуды үйрету.Допты бір—біріне домалатуды бекіту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Ойын ережелерін білу және нақты орындауға дағдыландыру.<br>Негізгі қасиеттерді- ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.<br>Биіктіктен секіруге үйрету.1,5-2 м арақашықтықта кеглилерді құлап түсіруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту,табиғаттағы тіршіліктің оянуын,жәндіктердің тіршілігі,олардың атауы,пайдасы мен зияны туралы түсініктер беру.Тақпақтар,мақал – мәтел,жұмбақ шешу арқылы,балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.Жәндіктерді ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Құмырсқа туралы ертегі»**<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын әңгімелеуге үйрету.Ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру,сөйлеу барысында сұрақ қойып,оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру.Ертегіні түсіндіре отырып балалармен бірге жұмыс жасау. Ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту. Құмырсқаның еңбекқорлығын атап өту.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Цифрлар 4-5 сандарын салыстыру.Кең-тар».**<br>**Мақсаты:**Топтарды салыстыру негізінде,сандық мәндерді жалпылай білуді дамыту.Сандардың арасын дағы байланысты түсінді<br>ру, «тез, баяу, жылдам», «тар», «кең» ұғымдарын нақты мысалдармен көрсету, логикалық тапсырмаларды шешуді дағдыландыру.<br><br>**Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер»**<br>**Мақсаты:** Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру.Олардың сыртқы құрылысы ерекшеліктері,қозғалу әдістері,мекендейтін орны бейімделуі туралы балалардың білімдерін жүйелеу.Жәндіктерге қамқолықпен қаруға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Қанқыз»**<br>**Мақсаты:** Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Құмырсқа»**<br>**Мақсаты:** Текшеден дөңгелек пішін,тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы,сопақ пішін қиюға үйрету.Тәрбиешінің көмегімен құмырсқа бөліктерін желімдеу.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

**Мамыр айы**

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

**Мақсаты:** Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілікпен, оларға қамқорлық жасауға ынтасын,өзінің туған еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді,оның тарихына деген қызығушылық сезімдерін ояту.

**Міндеттері;**

қазақстан халықының тарихына, мәдени мұрасына баулу, тәуелсіз еліміздің басты жетістігі халықтар арасындағы достық түсініктерін қалыптастыру.Балаларға ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің Қазақстан халқына деген сыйластығын қалыптастыру, ұлттық қарым-қатынасын, халықтар достығын нығайтуға тәрбиелеу

-өз еліне деген сүйіспеншілікті, қарулы күштер үшін мақтаныш, патриоттық сезімдерін, Отан қорғаушыларға эмоционалдық жағымды қатынасты, алғыр, мықты, жігерлі Отан қорғаушылар болуға тәрбиелеу. Елін, жерін жаудан қорғай білуге,елінің патриоты болуға, балаларға 7 –мамыр Отан қорғаушыларкүні мерекесін сезіндіру. Ұлы отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батылда ержүрек болуға тәрбиелеу.

-балаларға гүлдер туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың өзін қоршаған табиғатқа, гүлдерге деген саналы және жағымды – эмоционалды қарым-қатынасқа тәрбиелеу.Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру, сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуін дамыту.

-жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Жаз мезгілі,жазғы ойындар,жазғы табиғат,жазғы еңбек жайлы түсінік беру.Жаз мезгілінің байлығын, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету.Жаз айында айналада болатын өзгерістерді, табиғаттағы ерекшеліктерді бақылай білуге үйрету. Балаларға қуанышты көңіл-күй сыйлау.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1. апта «Достық біздің тірегіміз» (халықтар достығы )** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**«Футбол». Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалатуға жаттықтыру.Допты қатарынан бірнеше рет қақпаға соғуға үйрету. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**«Көкетай» жаттығуын орындауды үйрету.Музыкалық ырғақты қимылдар. Қол мен аяқтардың қимыл-қозғалысын үйлесімді етуге дағдыландыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту.<br>Шығыршықты түзу сызық бойымен домалату, қуып жету.Еденде бір-біріне параллель созылып жатқан 3-4 жіптен кезекпен секіріп өту. Тепе-теңдікті сақтауды жетілдіру және допты домалату дағдысын бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»**<br>**Мақсаты:**Балаларға достық сөзінің мағынасын түсіндіру, өлең мәтінін тыңдауға, сурет бойынша әңгіме құрауға, өз ойларын айтуға, ойды тыңдауға және ұғынуға үйрету. Сөздік қорларын дамыту, достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы:«Тату доспыз бәріміз»**<br>**Мақсаты:**Балаларға достық сөзінің мағынасын түсіндіру,өлеңінің мәтінін тыңдауға, сурет бойынша әңгіме құрауға, өз ойларын айтуға, ойды тыңдауға және ұғынуға үйрету. Сөздік қорларын дамыту, достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Есептік және реттік санау.Заттың саны мен цифрды сәйкестенді ру».**<br>**Мақсаты:**5-ке дейінгі санауды жалғастыру, реттік және есептік санауды ажырата білу.Тең заттар тобын беттестіру мен тұстастыру арқылы салысты руға және кеңістік байланы сы (сол жағында, оң жағында) туралы түсінігін нығайту. Геометриялық пішіндер- дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, туралы өткенді пысықтау.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Көп ұлтты Қазақстан»**<br>**Мақсаты:**Қазақстан Республикасы туралы әр түрлі ұлт өкілдері туралы ұғымдарын кеңейту.Достық бірлік туралы түсінік беру.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Мерекелік жалаушалар» Мақсаты:** Балаларға қағаздан үшбұрышты,шаршы пішінді жалаушалар жасауға дағдыландыру.Ұқыпты жұмыс жасауға үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Түрлі-түсті шарлар»**<br>**Мақсаты:**Балаларға Қазақстан халықтар достығы мерекесі туралы білімдерін кеңейту. Дөңгелек,сопақша пішіндерді салу, бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыруды дамыту. Қылқаламды дұрыс ұстай білу және оны пайдалану дағдыларын дамыту. Қимылдардың дәлдігін, эстетикалық талғамды тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«Қанат жалау ұстап келеді»**<br>**Мақсаты:**Бала бейнесін мүсіндей білуге үйрету,шығармашылық белсенділігін арттыру,қол саусақ икемділігін дамыту,жинақылыққа,ұқыпты лыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**«Достық мерекесі»**<br>**Мақсаты:** Көп ұлтты еліміздің халқы мен олардың мәдениетімен таныстыру,сурет бойынша әңгімелеуге үйрету. Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру.Елімізде мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен,салт-дәстүріне құрметпен карауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2.апта«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері, ұлы Отан соғысының ардагерлері)** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Еденге қолымен сүйеніп, шығыршықтың ішінен өтуді үйрету. Допты бір-біріне домалату дағдыларын бекіту. Күш, ептілік, жылдамдық тәрізді қимыл сапаларын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Балалардың спортқа қызығушылығын ояту. Жылдамдық қасиеттерін дамыту. Гимнастикалық қабырғада өрмелеуге жаттықтыру. Кедір-бұдыр тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтай жүруді үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тапсырмаларды орындай отырып, бір-бірлеп тізбектеп жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру.Қолды әр түрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Кім әскерде қызмет етеді?»**<br>**Мақсаты:**Балаларға Отан қорғаушылар әскерлері туралы түсініктерін кеңейту. Әскер қатарындағылар Отанымызды қорғайтыны, әскерде танкистер, ұшқыштар, жаяу әскерлер, теңіз жаяу әскерлері бар екендігі туралы білімерін тиянақтау. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдана, сөздік қорлдарын дамыту. Өзінің әскеріне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу және мықты әрі батыл жауынгерлерге ұқсауға тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы: «Отан қорғаушылар»**<br>**Мақсаты**:Отан қорғаушылар, ұлдарымыздың мерекесі,туралы түсінік беру. Шығарма мазмұнын тыңдай алуға, әдеби кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, дауыс ырғақтарын келтіре алуға, өзінің көзқарасын білдіруге шығармашылық қабілеттерін дамыту. Отан қорғаушылар мен ардагерлерге құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Заттар тобын салыстыру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру.**<br>**Мақсаты:**Сандарды тура және кері санауды жетілдіру, заттарды санымен сәйкестен діру .Заттардан топ құрас тыруды және топты жеке заттарға бөлуді бекіту. Екі топтағы заттарды салысты руға жаттығу, заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен атап көрсету (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, арасында)<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Ел қорғауға әзірміз"**<br>**Мақсаты:**Еліміздің әскері туралы түсінік беру.Отан қорғаушылардың міндетін түсіндіру.Еліміздің ел қорғайтын,ержүрек жауынгерлері,танкішілер,ұшқыштар, теңізшілер туралы түсінік беру.Патриоттық сезімін ояту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«От шашу»**<br>**Мақсаты:**Балаларға жеңіс мерекесінде көрген отшашу туралы түсініктерін кеңейту. Ойлау, елестету, шығармашылық қабілеттерін дамыта, эстетикалық талғамды арттыру. Жұмыс істеу іскерліктеріне машықтандыру, еңбек нәтижесіне жетуге дағдыландыру. Үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:«Түрлі-түсті жалаулар»**<br>**Мақсаты:**Балаларға 9-мамыр жеңіс мерекесі туралы білімдерін тиянақтау.Қайшыны үш саусақпен дұрыс ұстауға, төртбұрышты тең бөліктерге бөліп қию, мұқият жапсырудың тәсілдерін меңгерту. Түрлі-түсті қағаздардан үш бұрышты жалаушаларды қиып жапсыруды үйрету. Түстерді сезуді дамыту, таза ұқыпты бастыруға тәрбиелеу.<br>**Музыка (маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка(маман жоспары бойынша)** | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 апта «Аялайық гүлдерді» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Ойындар ойната отырып шапшаңдыққа, ептілікке баулу.Қос аяқтап оң бүйірімен, одан соң 180 градусқа бұрылып, сол бүйірімен секіруді үйрету.Қолды ауыстыра отырып гимнастикалық орындық үстімен допты домалатуды үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**<br>Бір-біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету.Қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру. Жаттығуларды жасату арқылы қимыл үйлесімділігін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Ойындар ойната отырып балалардың ептілік, шапшаңдықтарын дамыту. Қос аяқтап заттар үстінен, оң және сол аяқпен кезектесе секіруді үйрету.Қос қолмен допты жоғары жіптің үстінен лақтыруды үйрету. Дене жаттығуларын үнемі жасауға дағдыландыру, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қызғалдақ» өлеңі Р.Тышқанбаев.**<br>**Мақсаты:**Балаларға гүлдер туралы түсінік беру.Олардың түрлерін ажырата білуге үйрету.Есту зейінін және тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру. «Ғ», «Қ»дыбыстарын анық айтуға дағдыландыру.Гүлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бақшадағы гүлдер»**<br>**Мақсаты:** Әңгімелерді тыңдай білуді үйрету.Мазмұндап бере алу, өлеңдерді жатқа айту қабілеттерін дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: :«Сан мен цифрды сәйкестендіру. Есептік және реттік санау. Үлкен,кіші,кішкентай,өте кіші.Не неге ұқсайды?».**<br>**Мақсаты**:5 көлемінде санау қабілетін күшейту, заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру. Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, биік- аласа ажырата білуді бекіту. Әртүрлі арақашықтықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыру, аяқталмаған геометриялық пішіндерді көру қабілетін артыру, «үлкен, кіші, кішкентай» түсініктерін нығайту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Өсімдіктер әлемі»**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру<br><br>**Құрастыру « «Гүл» (оригами»**<br>**Мақсаты:** Қағазды бүктеу арқылы гүл жасай білуді үйрету. Саусақ қимылдарын дамыту. Еңбекке деген қызығушылығын арттыру. Жасаған жұмыстарын аяғына дейін апаруға үйрету**.** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Алғашқы бәйшешектер»**<br>**Мақсаты:**Гүлдер туралы олардың түрлері туралы түсінік беру.Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салуы үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу.<br><br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Түймедақ гүлі»**<br>**Мақсаты:**Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды.<br><br>**Музыка**<br>**(маман жоспары бойынша)** | **Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Табиғаттың гүлдеуі»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ауладағы гүлзардағы гүлдерммен таныстыру.Гүлдер табиғаттың әсем де әдемі сыйы екенін балаларға ұғындыру. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 апта «Жайдары жаз келді» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Қимыл- қозғалыс тәжірибесін дамыту. «Футбол» берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалатуға жаттықтыру.Допты қатарынан бірнеше рет қақпаға соғуға үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Балалардың таза ауада ойналатын ойындар туралы түсініктерін молайту. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Велосипед тебу, самокат тебу.Оң және сол аяқпен самокат тебу.<br>3.**Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Балалардың жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.<br>1-2.Эстафеталық ойындар. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Қимылды ойынға белсенділіктерін арттыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы«Жайлау көркі»**<br>**Мақсаты:** Ұсынылған тақырыпқа әңгіме құрауға,сөз ұйқасын таба отырып, сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру Сурет бойынша балалардың шығармашылық тілін дамыту.Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:«Жайдарлы жаз»**<br>**Мақсаты:**Жаз мезгілінің табиғиерекшеліктерін меңгерту.Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.Тіл мәдениетін қалыптастыру<br>**Орыс тілі (маман жоспары бойынша)** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестенді ру».**<br>**Мақсаты:**Жыл бойы алған білім, білік, дағдыларды бекіту.<br>5-ке дейін тура және кері санауды жетілдіру, заттарды санымен сәйкестендіру. Кеңістіктегі қарым-қатынастар (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде), шама, геометриялық пішіндер, уақытты бағдарлауда тәулік бөліктері туралы алған білімдерін тиянақтау.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қош келдің, жаз!»**<br>**Мақсаты:** Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту.Қарапайым жаратылыстану ғылымдық түсініктерін тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Көңілді жаз»**<br>(Еркін тақырып)<br>**Мақсаты:**Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып,мазмұнды композиция салу дағдыларын дамыту.Өз қалауымен сурет салу қабілеттерін дамыту.Балаларды шығармашылыққа,жауапкершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Гүлденген дала»**<br>**Мақсаты:** Сәндік композицияларды өз ойынша орындайды. Дала бейнесін матадан қиып жапсырады. Әсемдікті сезіне білуге, ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Қиялдарын дамыту.<br><br>**Музыка(маман жоспары бойынша)**<br>**Музыка**<br>**(маман жоспары бойынша)** | |